Кроме того, существует большое разнообразие контейнеров, в которые можно собирать биологические образцы. Существуют специальные транспортные системы, такие как пакеты, флаконы или пробирки с анаэробной атмосферой, капиллярные трубки с микрогематокритом, щетки в жидкой транспортной среде для вируса папилломы, транспортная среда для универсального вируса или стерильные пробирки с фиксаторами для паразитов или с консервантом для посева мочи.

Заключение. Существует огромное разнообразие транспортных систем, состав которых зависит от вида диагностических исследований, от вида биоматериала, от места взятия биоматериала. Помимо состава самой транспортной среды, не маловажную роль играет выбор контейнера и тупфера, для взятия клинического образца.

Среды предназначенные для образцов крови и мочи, среды, предназначенные для микробиологических исследований широко распространены и изучены, в то время как среды для вирусов стали актуальными и массово использоваться только при пандемии Covid-19.

СОСТАВ ЛЕЧЕБНО-ПЛОМБИРОВОЧНОЙ ЗУБНОЙ ПАСТЫ НА ОСНОВЕ АНТИБИОТИКА

Калибек Т.Н., Бошкаева А.К., Масакбаев А.Д.
Казахский Национальный Медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова
Алматы, Казахстан

Актуальность. Лечение кариеса зубов и его осложнений является актуальной и серьезной проблемой современной стоматологии. Это обусловлено, прежде всего, высокой скоростью распространения данной патологии во всех группах населения.

Процесс совершенствования стоматологических материалов основан на улучшении их механических и эстетических свойств, повышении биологической совместимости материалов с тканями зубов, расширении применения в клинической практике принципов микромеханического и химического соединения с тканями зубов. Использование материалов на основе антибиотиков для лечения зубов и десен может помочь в борьбе с бактериями, которые могут вызвать инфекцию, и предотвратить развитие серьезных осложнений. Поэтому, актуально исследование и разработка новых материалов, которые бы обладали эффективным антибактериальным действием, а также были безопасны для здоровья пациента и окружающей среды.

Цель. Выбор состава наполнительных материалов в виде пасты и технология ее получения.

Материалы и методы. Информационно-поисковые исследования. Библиотечная база данных на портале Elibrary.

Научная новизна. Впервые было получено пломбировочный материал с новым составом.

Результаты. Материал для корневых каналов на основе антибиотиков - это особый тип материала, который используется для заполнения корневых каналов зубов после их очистки от инфицированной ткани. Одной из особенностей этого типа материала является его способность уничтожать бактерии, которые могут привести к инфекции и воспалению. Предлагаемая паста содержит: бензилпенициллин натриевую соль, оксид цинка, анестезин, ксантановую камедь, воду очищенную. Совместимость отдельных компонентов заявляемого состава обеспечивает синергизм действия, приводящий к возникновению новых свойств и широкому спектру фармакологических эффектов, проявляющемуся при его применении. Определение показателей качества проводилось по требованиям ГОСТ 31071-2012 (ISO 6876:7986) "Материалы стоматологические для пломбирования корневых каналов". Были проведены анализы на антибактериальную активность на штаммы *Staphylococcus aureus*, *Escherichia coli*.

ҮСТІРТ ӨСІРУ ТӘСІЛІМЕН ЦЕФАЛОСПОРИНАЗА ФЕРМЕНТІН АЛУ

Кеңес Ж.Т., Таганов Ж.И., Бошкаева А.Қ., Масақбаев А.Д., Юсупов Р.Р.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Қазіргі уақытта микроорганизмдердің әртүрлі топтары (бактериялар, актиномицеттер), төменгі сатыдағы өсімдіктер (ашытқылар, балдырлар, зең саңырауқұлақтары), жоғары сатыдағы өсімдіктер мен жануарлар организмдері түзетін ондаған мыңдаған продуценттер бөлініп, сипатталған. Алайда топырақтан немесе басқа табиғи көздерден оқшауланған өндірушілердің ешқайсысы мақсатты өнімнің төмен өнімділігі мен тазалығы жеткіліксіз болғандықтан антибиотиктер өндірісінде қолданыла алмайды.

Бұл жұмыста цефалоспориноза ферменті үстірт өсіру әдісі арқылы алынды, яғни дақыл қатты ылғалданған қоректік ортаның бетінде өседі (температура, ылғалдылық және ауаның берілуін тұрақты бақылау қажет). Зерттеу материалы ретінде *Citrobacter freundii* (*Enterbacter Cloacae* тобы) таңдалды. *Citrobacter freundii* - Enterobacteriaceae тұқымдасының факультативті анаэробты грамтеріс бактерияларының бір түрі. *C. freundii* топырақта тіршілік ететін микроорганизм болып табылады, сонымен қатар суда, ағынды суларда, тамақ өнімдерінде, жануарлар мен адамның ішек жолдарында кездеседі.

Фермент алу үшін алдымен қажетті заттың проценті таңдалды. Содан кейін қоректік орта дайындалды. Қоректік орта таза ыдыстарға құйылып, зарарсыздандырылды. Зерттеуіміздің келесі кезеңі *Citrobacter freundii* беткі культурасынан цефалоспориноза ферментінің сығындысын алу болды. Ферментацияны жүргізу, оның барысында қажет болған жағдайда процесті талдау үшін араластырылды. Одан кейін фильтрлеу кезеңі жүргізілді. Культивацияның соңында бактериялық биомасса 15000 айн/мин жылдамдықта және $10 \pm 1^\circ\text{C}$ температурада 15 минут бойы центрифугалау арқылы культуралық сұйықтықтан бөлінді.

Жалпы, ферментті үстірт өсіру әдісімен алу технологиясы келесі кезеңдерді қамтыды: штаммды таңдау, қоректік ортаны дайындау, ортаны продуценттің бастапқы штамымен егу, ферментация жүргізу, фильтрлеу, ферментті буландыру және кептіру, дайын өнімді қаптау, орау, таңбалау. Сонымен қатар бұл үрдістің технологиялық сызбасы жасалды. Ары қарай алынған ферменттің сапа көрсеткіші анықталды.

Қорытындылай келе, *Citrobacter freundii* бактериясының беткі культурасынан цефалоспориноза ферментін үстірт өсіру әдісімен алу процесі зерттелді. Сонымен қатар ферментті алудің технологиялық сызбасы жасалып, алынған ферменттің сапа көрсеткіші талдалды.

РАЗРАБОТКА И ПРОИЗВОДСТВО АКТИВНЫХ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКИХ СУБСТАНЦИЙ

Масакбаев А.Д., Аюпова Р.Б., Бошкаева А.К., Кожанова К.К., Саякова Г.М.
Казахский Национальный Медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова
Алматы, Казахстан

Актуальность. Многие антибиотические вещества или продукты их модификации – незаменимые лечебные препараты, широко применяемые при лечении инфекционных заболеваний. Обеспечение населения и лечебно-профилактических учреждений новыми эффективными и экономически доступными антибактериальными лекарственными препаратами, устойчивыми к различным микроорганизмам, является одной из важных проблем медицинской науки.

По данным ВОЗ тема серьезной нехватки новых антибиотиков, находящихся на стадии разработки, для борьбы с возрастающей угрозой устойчивости к противомикробным препаратам - актуальна.

В последнем заключении ВОЗ от 25.02.2017 г. подчеркивается острая необходимость в интенсификации работ по созданию новых антибиотиков медицинского назначения для решения проблемы антибиотикорезистентности.

Цель. Организация собственного производства фармацевтической субстанции.

Проблемы.

1. Отсутствует производство лекарственных веществ и нету производителей фармацевтических субстанции
2. Покупка фармацевтических субстанции из-за границы
3. Расходы на транспортировку субстанции из-за границы
4. Уплата таможенной пошлины
5. Колебания курсов валют

Решение. создать отечественный цех, осуществляющий весь цикл мероприятий по разработке, изучению, развитию и производству оригинальных высокотехнологичных фармацевтических субстанций не только соответствуют приоритетам государственной политики в области обеспечения импортонезависимости страны, но и в дальнейшем будут служить укреплению отечественной фармацевтической отрасли в РК.

Научная новизна. Планируем впервые синтезировать новые отечественные производные беталактамного соединения пенициллинового ряда с использованием ацилирующих агентов.

Ожидаемые результаты.

1. С использованием методов культивирования микроорганизмов будут подобраны среды для выделения фермента.
2. Полусинтетическим способом через стадию химических превращений будут получены новые соединения антибиотического ряда.
3. Будет проведена стандартизация полусинтетических пенициллинов беталактамного ряда.
4. Будет разработана технологическая схема производства антибиотиков.
5. В условиях *in vivo* будут проводиться доклинические исследования.
6. Будет проводиться фармакологическая оценка с использованием программного метода *in silico*.

ЦЕФАЛОСПОРИНАЗА ФЕРМЕНТІН ТЕРЕҢ ӨСІРУ ӘДІСІМЕН АЛУ

Мырзан Д.Г., Таганов Ж.И., Масақбаев А.Д., Бошкаева А.Қ., Юсупов Р.Р.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан
Инфекцияға қарсы препараттар ғылыми орталығы АҚ
Алматы, Қазақстан

Фармацевтика саласының міндеттерінің бірі халықты және емдеу мекемелерін микроорганизмдерге төзімді бактерияға қарсы, тиімді және қолжетімді дәрілермен қамтамасыз ету болып табылады. Осы себепті антибиотикалық препаратты алуда маңызды ферменттердің қасиеттерін зерттеу өзекті болып табылады. Бұл жұмыста цефалоспориноза ферментін алу технологиясы жасалды. Ол үшін басқа әдістермен салыстырғанда өндірісті механикаландыру мен автоматтандыруды жеңілдету, өндіріс алаңдарын едәуір қысқарту сияқты бірқатар артықшылықтары бар терең өсіру әдісі таңдалды.

Терең өсіру әдісімен цефалоспориноза ферментін алу технологиясы келесі кезеңдерді қамтыды: дайындық кезеңі. Қоректік орта ретінде сахароза ерітіндісі таңдалды. Қоректік орта таза ыдыстарға құйылып, зарарсыздандырылды. Келесі кезеңде тұқымдық материал ретінде *Enterobacter cloacae* тобының *Citrobacter freundii* бактериясы таңдалды. *Citrobacter freundii* - Enterobacteriaceae тұқымдасының факультативті анаэробты грамтеріс бактерияларының бір түрі. Бұл бактериялардың әдеттегі ұзындығы 1-5 мкм болатын таяқша пішіні бар. *C. freundii* жасушаларының көпшілігінде қозғалыс үшін пайдаланылатын бірнеше талшықтары болады.

Зерттеудің келесі кезеңі *Citrobacter freundii* культураның цефалоспориноза ферментінің сығындысын алу болды. Терең өсірудегі ферменттердің биосинтезі үздіксіз ауа беру және араластыру арқылы 2-4 күн бойы жүреді. Оңтайлы температура 22-32°C аралығында болды. Келесі кезең – ферменттің бөлінуі, яғни үш күндік дақылдың мицелийінде әдетте 15%-дан аспайтын ферменттер қалады. Қалғандары жасушаларды қоршап тұрған сұйық ортаға шығарылады. Бұл жағдайда биомассаны бөлгеннен кейін ферменттік препараттар филтраттардан бөлініп алынады. Одан кейін филтрлеу кезеңі – ферментті беткі культурадан бөліп алу үшін қажет. Содан кейін алынған фермент кептірілді. Алынған ферменттің сапа көрсеткіштері бойынша зерттеулер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы және басқа да нормативті құжаттар талаптарына сай жүргізілді.

Қорытындылай келе, ферменттерді алуда артықшылығы мол терең өсіру әдісі арқылы цефалоспориноза ферменті алынды және оның технологиясы жасалды. Сонымен қоса алынған ферменттің сапа көрсеткіштері бойынша зерттеулер жүргізілді.

«КАЗДИАТЕСТ» ЖШС КӘСІПОРЫНЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ БҰЙЫМ – ҚОРЕКТІК ОРТАНЫ ӨНДІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕЛІСІН ЖОБАЛАУ

Тәтіш Н.М., Джумагазиева А.Б.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында отандық өнеркәсіптер үлесін арттыру үшін арнайы бағдарламалар әзірленді. Бағдарламаның негізгі міндеттері – ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие фармацевтикалық өнімдерді өндіру, жаңа стратегиялық жобаларды жүзеге асыру, отандық өнеркәсіп санын ұлғайту.

Қазіргі уақытта қоректік орта дәрі-дәрмектерде қолданылатын микроорганизмдерді алудың және өсірудің негізгі көзі болып табылады, сонымен қатар медицинада және фармацевтикада кеңінен қолданылады. ҚР-ның нарығында қоректік орта импорттық болып табылады.

Мақсаты. «КазДиаТест» ЖШС кәсіпорынында қоректік орта өндірісінің жобасын құрастыру.

Материалдары мен әдістері. Модельдеу, математикалық, физико-химиялық, аналитикалық, биологиялық және технологиялық әдістер.

Бұл жобада қоректік орталардың дифференциалды-диагностикалық түрі, соның ішінде Эндо, Плоскирев, висмут-сульфитті агар қоректік орталары қарастырылған және әрқайсысына жеке жеке талдау жасалынған. Сонымен қатар қоректік орталар жайлы, қандай материалдардан жасалатыны туралы баяндалған. Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрінде тіркелген қоректік орталарға шолу жасалған. Қоректік орталарға өндіруге оптимальды технологиялық схема, сол технологиялық схемаға байланысты өндірістік цехтың жобасы әзірленген және өндірістік цехты жабдықтауға керек аппаратуралық схема дайындалды. КазДиаТест өндірістік алаңының сипаттамасы, цехтың жоспары мен өндіріс процесінде материалдық және адам ағындары толықтай көрсетілді. Қоректік орталардың І сериясына материалдық баланс пен сапа спецификациясы жүргізілді. Бір қоректік ортаға және бір сағаттағы өнімділік есептеліп техникалық-экономикалық негіздеме құрастырылды. Қоршаған орта қорғау туралы негізгі қағидағтары жазылған болатын.

Қорытынды. Каздиатест кәсіпорындағы қоректік орталар өндірісінің жобасы әзірлерді, технологиялық және аппаратуралық схемалар жасалды.

АСД ФРАКЦИЯСЫ-3 СУСАБЫННЫҢ ҚҰРАМЫН, ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҒАЛАУ

Пернебай М.Б., Сабырова А., Ибадуллаева Ғ.С., Саякова Г.М.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Қазіргі таңда климаттық өзгерістерге байланысты, яғни күннің шамадан тыс ыстық болуынан тері аурулары көп кездеседі. Тұтынушылар сусабынның құрамына мән беруде. Мысалы: жас балаларда тестостеронның концентрациясының төмендеуі. Климаттың өзгеруіне және сапасыз сусабындар қолдану кезінде бас терісі әлсіреніп, бас тері ауруы болуы мүмкін. Сол себепті АСД фракция -3 субстанциясы негізінде бас терісін нәрлендіруге аралған сусабын жасау өзекті болып табылады.

Мақсаты. АСД фракция-3 сусабынның оңтайлы құрамын, ұтымды технологиясын жасау және қауіпсіздігін бағалау.

Материалдары мен әдістері. Зерттеу материалдары ретінде АСД фракция-3, натрий изетионаты, кокамидопропил бетаин, кератин, гидрованс, какос майы, натрий бензоаты, тазартылған су алынды.

Нәтижелері. АСД фракция-3 қосу арқылы алынған сусабынның оңтайлы құрамын, ұтымды технологиясын құрастыру және сапасын бағалау жұмыстары жүргізілді. АСД 3-фракциямен алынған сусабынның кешенді терапияда қолданылатын препараттардың ауқымын кеңейту және бас терісін емдеу үшін ұсынуға болады.

Қорытынды. Тәжірибелік жұмыстардың нәтижесінде косметикалық сусабын жасау тәсілі негізделді. Өртүрлі қосымша заттарды пайдалана отырып 10 үлгі алынды. Ең оңтайлы құрам ретінде 8-ші үлгі алынды. АСД фракция-3 косметикалық сусабын өндірісінің негізгі кезеңдері сусабындық негізді және әсер етуші затты дайындау, сусабын массасын дайындау, оны дозалау және қаптау болып табылады. АСД фракция-3 косметикалық сусабын сапасын бағалау маңызды көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылды.

ТЕХНОЛОГИЯ ПОЛУЧЕНИЯ ЭКСТРАКТА «КАРДИОГЕРБ»

Ишонкулова Н.Ф., Ашуров А.А., Махмуджанова К.С.
Ташкентский научно исследовательский институт сывороток и вакцин
Ташкент, Узбекистан,

Актуальность. В нашей республике определенные научные результаты достигаются путем проведения масштабных исследований по оказанию качественной медицинской помощи населению, изучения местных лекарственных растений, внедрения их в официальную медицину, разработки современных методов стандартизации, а также создания проектов по замещению импорта лекарственных средств. В новой стратегии развития Узбекистана на 2022-2026 годы определены актуальные задачи, такие как “увеличить долю лекарств и изделий медицинского назначения, производимых в стране, на 80%...”. В связи с этим важно расширить ассортимент лекарственных средств и БАДов, отвечающих требованиям современных стандартов качества и производимых на основе лекарственных растений, согласовать их с требованиями международных нормативных документов, а также внедрить в отечественное фармацевтическое производство.

Случаи смерти от сердечно-сосудистых заболеваний находятся на первом месте не только в нашей стране, но и во всем мире. По данным Всемирной организации здравоохранения к 2030 году уровень смертности от болезней сердца составит около 22,3 миллиона человек, то есть 32,7 % от мировых причин смерти. Одним из основных рисков ишемической болезни сердца является ее внезапное проявление, и около 40% населения не осознают, что сердце ослаблено недостатком кислорода, особенно 60-75% населения земного шара страдает от гипоксии - заболеваний системы кровообращения, вызванных недостатком сердечно-сосудистой системы в организме.

Цель. Изучение гидромодулей экстрактов, их качества и разработка технологии лекарственных форм с кардиопротекторным эффектом на основе естественно произрастающего лекарственного растения герана холмового и боярышника во флоре Узбекистана.

Материалы и методы. В исследовании использовались лекарственного растения герана холмового и плоды боярышника. В первую очередь совместно с фармакологами был разработан гидромодуль экстрактов и определена степень крупности растений. Экстракты были получены такими методами, как мацерация, перколяция и ВНИИФ. В качестве разделителя использовали спирт с различным процентным содержанием и изучали его эффективность.

Результаты. Гидромодуль экстракта составил 1:2, а крупность – от 3 до 5 мм. При использовании метода мацерации было отмечено, что для экстрагирования требуется довольно длительное время, при этом основное действующее вещество полностью не высвобождается. При использовании метода перколяции основное действующее вещество также полностью не высвобождалось. При использовании ВНИИФ основное действующее вещество полностью высвобождалось, и его эффективность была относительно высокой при использовании 50 – процентного спирта.

Заключение. Степень крупности растений определена на уровне 3-5 мм. Метод ВНИИФ с использованием 50% спирта оказался наиболее оптимальным для экстрагирования, в результате чего из продукта в количестве 90 граммов в соотношении 1:2 было получено 180 мл экстракта.

АСКӨК ТҰҚЫМЫНАН (*Anethum graveolens L.*) ЭКСТРАКТ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРҒАҚ КӨЗ СИНДРОМЫН ЕМДЕУДЕГІ МАҢЫЗЫ

Раганина К.Т., Тоқтархан Е.Б.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Құрғақкөз синдромы немесе құрғақкөз конъюнктивит қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселелердің бірі. Оның басты себебі, заманауи технологиялардың даму қарқыны, әртүрлі гаджеттардың пайда болуы, сонымен қатар экологиялық жағдайлар мен жанама аурулар салдарынан бірқатар дәрілік заттарды қабылдау сынды факторлармен тікелей байланысты. Яғни, бұл патология көз жасы бездерінің қажетті мөлшерде сұйықтық бөлмеуі салдарынан, көздің ылғалдану процесі бұзылып, құрғақтық пен тітіркену, қызару, тіпті көздің көру қабілетінің нашарлауы сынды жанама әсерлердің пайда болуына алып келеді.

Бұл мәселені шешудің басты екі жолын қарастыруға болады, превенция және медикаментозды терапия. Превенция, яғни алдын алу, сыртқы органың барлық зақымдайтын факторларын жою, ағзаны қажетті дәрумендер мен минералдармен толықтыру, шырышты қабықты ылғалдандыратын тамшылар арқылы көздің құрғақтығының алдын алу. Медикаментозды терапия тиімді дәрі-дәрмектермен емдеумен сипатталады. Бірінші және екінші жағдайларда да дәрілік өсімдік шикізатына негізделген дәрілік заттарды қолдануға болады.

Халық медицинасында аскөк тұқымы (*Anethum graveolens L.*) дәрілік өсімдік шикізаты өзінің бірқатар емдік қасиеттерімен белгілі. Бұл өсімдік өзінің бай химиялық құрамына байланысты қабынуға қарсы, асқазан-ішек жолдары, жүрек-қантамыр жүйесі ауруларының алдын алу және емдеуде кеңінен қолданылады. Соңғы уақыттарда, кейбір дереккөздерде аскөк тұқымы (*Anethum graveolens L.*) экстрактысын көз ауруларының алдын алу мен емдеуде қолдану туралы мәліметтер пайда болды, оның фармакологиялық әсері өсімдікте А дәрумені (ретинол) мен бета - каротиноидтардың болуымен байланысты. Дәл осы белсенді заттар құрғақ көз синдромында көз жасы бездерінің дұрыс жұмыс атқаруына жағдай жасап, қабыну, тітіркену мен қызару сынды көріністерді жоюға, жалпы көру қабілетін қалпына келтіруге жағдай жасайды.

Дәрілік өсімдік шикізатындағы белсенді заттарды сақтау үшін биологиялық белсенді заттарды (ББЗ) алудың оңтайлы әдісін таңдау қажет. Осыған байланысты аскөк тұқымынан (*Anethum graveolens L.*) биологиялық белсенді заттарды алу әдісін таңдау өте маңызды. Тиімді экстракция әдістеріне СО₂ және ультрадыбыстық экстракция жатады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз аскөк тұқымының сығындысы (*Anethum graveolens L.*) негізінде көздің дәрілік формасын жасау өзекті және перспективалы екенін қорытындылаймыз.

ЕМДІК-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТІС ПАСТАСЫНЫҢ ОҢТАЙЛЫ ҚҰРАМЫН ЖАСАУ

Төлегенқызы А., Ибадуллаева Ғ.С., Саякова Ғ.М.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Адам күнделікті гигиена талаптарын орындау үшін түрлі косметикалық өнімдерді тұтынады. Бүкіл әлемде бұл саладағы ең танымал өнімдер - тіс пасталары болып табылады. Тіс пастасы ауыз қуысын тамақ қалдықтарынан тазартуға, патогендік микроорганизмдердің өсуін тежеуге, сол арқылы тіс эмальының бұзылуына, ауыз қуысының шырышты қабаттары мен қызыл иектерінің қабынуына жол бермейтін бірден-бір өнім болып табылады.

Сіз тіс пастасының құрамын сатып алардан бұрын қаншалықты тексересіз? Тіс пастасын таңдағанда, сатып алушылар, ең алдымен, қаптамаға қарайды немесе жарнамаға назар аударады. Ал тіс пастасы оны қолданғысы келетін адамды ескере отырып жеке таңдалуы керек[6]. Адам күнделікті ауыз қуысы профилактикасы үшін тіс пастасын қолданады және өзінің бүкіл саналы өмірі бойы орта есеппен екіден бес килограмм аралығында тіс пастасын жұтып қояды екен. Сонымен қатар, ғалымдардың айтуы бойынша кішкентай балалар да тістерді тазарту кезінде, рефлекторлы түрде тіс пастасының шамамен 40%-ын жұтатынын анықтады. Ал ауыз қуысының шырышты-сілемейлі қабатынан бірнеше секунд ішінде қанға пайдалы заттармен қатар, біз антибиотиктерді (триклозан, хлоргексидин, гексидин, метранидазол), хош иістендіргіштерді, тәттілендіргіштерді (калий ацесульфаты, натрий цикломаты, аспартам), лаурил- және натрий лауретсульфаты сынды ағзаға кері әсер көрсететін қосылыстар да қанға түсуі мүмкін. Сол себептен, денсаулыққа ең қауіпсіз болып табылатын өнім - табиғи ингредиенттері бар пасталар, олар ересектерге де, балаларға да ұзақ уақыт қолдануға арналған.

Емдік-профилактикалық тіс пастасының табиғи компоненттері ретінде етжапырақты бадан (*Bergenia crassifolia L.*), кәдімгі сәлбен (*Salvia plebeia*) өсімдік шикізатының экстракттері және прополис (*Propolis*) тұндырмасы алынды. Дәрілік өсімдіктердің бұл түрлері микробқа қарсы, қабынуға қарсы, иммуномодуляциялық, жараларды емдейтін, қалпына келтіретін, тұтқыр, антисептикалық әсерлері бар жұмсақ және тиімді ДЗ алудың танылған көзі болып табылады. Алынған бұл компоненттер тіс пастасының емдік және профилактикалық емдеу құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Емдік-профилактикалық тіс пастасының оңтайлы құрамын жасау үшін бірнеше өсімдік сығындылары мен прополис таңдалды. Етжапырақты бадан сығындысы (*Bergenia crassifolia L.*) және кәдімгі сәлбен (*Salvia plebeia*) тіс жегісінің қылыпты болуына, кариестің алдын алуға көмектеседі және тіс эмальын тиімді тазартады. Бұл өсімдік сығындыларында иілік заттар, алкалоидтар, эфир майлары және т.б. қосылыстар бар. Прополистің құрамында бактерияға қарсы, қабынуға қарсы және антиоксиданттық қасиеттері бар пайдалы қосылыстар кездеседі. Осы композицияның арқасында тіс пастасы бірқатар емдік және профилактикалық әсерлерге ие болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ТІС ПАСТАЛАРЫНА МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ

Кудайбергенова А.Н., Ибадуллаева Г. С.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Косметикалық өнімдердің ішіндегі ең көп сұранысқа ие және өектілігін ешқашан жоғалтпайтын өнімдерге тіс пасталары жатады. Жылдан жылға сұраныс артуда, бірақ еліміздегі өнімдердің 90% импортталады. Отандық өнімдерге сұраныс аз.

Мақсаты. Қазақстан Республикасының фармацевтика нарығындағы балалар тіс пасталары мен тіс пасталарын маркетингтік зерттеу

Нәтижелері. Фармацевтикалық нарықты талдау үшін келесі деректер базасы пайдаланылды: Қазақстан Республикасында тіркелген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың мемлекеттік тізілімі.

Отандық нарықты зерттеу барысында тіс пастасын импорттаушы елдер мен экспорттаушы елдерді анықталды. 2014 жылдан бастап елімізде тіс пастасы өндіріледі. Отандық тіс пасталары халқымызды 10% қамтамасыз етіп отыр. Ресей Қазақстан үшін ауыз қуысы мен тіс гигиенасына арналған құралдардың негізгі экспорттаушы елі, оған тауарлардың осы санатының барлық экспорттық жеткізілімдерінің 32% , экспорттың 26% Түркіменстанға және 25% Қырғызстанға тиесілі.

Қазақстан үшін негізгі импортері Ресей болып табылады, ол жерден Қазақстанға импорттың 36% келеді.

Балаларға арналған тіс пасталарының құрамына және технологиясына ерекше талаптар қойылады және нарықта тек шетелдік өнімдер. Әсіресе Ресей, Германия, Швейцария елдерінің өнімдері кең қолданыста.

Қорытынды. Негізгі зерттеудің қорытындысына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы косметика саласында қолданылатын тіс пасталарының 36 пайызы Қазақстанға Ресейден импортталады. Румыния мен Германия импорттың сәйкесінше 10%, 6% құрайды. Қазақстан Республикасында кең тараған тіс пастасы табиғи құрамы 20,7% Лесной Бальзам және 44,80% Colgate тіс пастасы болып табылады. Жүргізілген талдау нәтижесінде шаш күтіміне арналған тіс пастасы косметика саласындағы импорттық өнім екені, сондықтан бұл өнімдердің отандық өндірісін жетілдіру өзекті мәселе екені анықталды.

ОСОБЕННОСТИ ПРОВЕДЕНИЯ САМОИНСПЕКЦИИ НА СКЛАДЕ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ПРЕДПРИЯТИЯ

Егизбаева К.Н., Кусниева А.Е.

Казахский Национальный Медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова
Алматы, Казахстан

Актуальность. В настоящее время одним из основных требований в вопросе обеспечения общества качественными лекарственными средствами является не только добросовестное производство фармацевтических препаратов, но и их дальнейшее надлежащее хранение на складах. *Цель исследования.* Проведение самоинспекции на складе фармацевтического предприятия. *Материал и методы исследования:* объект исследования – склад фармацевтического предприятия, метод исследования – анализ. *Результаты исследования.* В ходе процесса проведения самоинспекции на фармацевтическом складе были выделены 4 ключевых этапов, как планирование, выполнение, проверка и документирование результатов проверки. *Выводы.* Без постоянного контроля нельзя поддерживать производственные процессы в соответствии со стандартом GMP, поэтому процесс проведения самоинспекции играет ключевую роль в обеспечении качества ЛС на всех этапах их жизненного цикла, что является важнейшим составляющим контрольной системы качества в сфере обращения ЛС.

Во всех аспектах производства, хранения и контроля качества важно обеспечить надлежащие условия хранения на складах и проводить самоинспекцию в соответствии с утвержденной программой для оценки соответствия производителя требованиям международного стандарта GMP.

Цель. Проведение самоинспекции на складе фармацевтического предприятия.

Материал и методы. Объект исследования – склад фармацевтического предприятия. Метод исследования – анализ.

Результаты. В ходе процесса проведения самоинспекции на фармацевтическом складе были выделены следующие ключевые этапы:

- Планирование (разработка программы самоинспекции, распределение полномочий по программе самоинспекции, определение сроков и лиц).
- Выполнение (внедрение программы самоинспекции, исследование объекта, ведений записей, и т.д.).
- Проверка (мониторинг и анализ программы самоинспекции).
- Документирование результатов проверки (составление отчетов).

После завершения самоинспекции необходимо составить отчеты на основе регистрационных записей, где будут указаны итоги самоинспекции и изменения после предыдущей проверки. При наличии отклонений принимаются определенные корректирующие меры, что послужит улучшению работы складских операций.

Заключение. Важно знать, что правильно организованная работа складских зон, обеспечивает высокую сохранность и целостность хранящихся ЛС, повышает эффективность работы склада и является одним из факторов стабильной работы фармацевтического производства.

ШІЛТЕР ЖАПЫРАҚТЫ ШАЙҚУРАЙДЫҢ (HUPERICUM PERFORÁTUM L.) ҚОЮ СЫҒЫНДЫСЫНАН ЖАҚПА МАЙ АЛУ

Т.Е. Ермек¹, Б.Г. Махатова¹

¹«С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті» КеАҚ
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Қазақстан аумағында өсетін кең ауқымды дәрілік өсімдіктердің арасында шайқурай (*Hupericum perforatum L.*) жетекші орындардың бірін алады, ертеде оны жүз дертке ем деп бекер атаған жоқ. Бұл гүл шоғырында жиналған хош иісті, ұзын-сопақ сұр-жасыл жапырақтары және ірі ашық сары гүлдері бар, тік екі қырлы тармақталған сабақтары бар көпжылдық шөптесін тамырлы өсімдік.

Шайқурай өсімдігінің бай химиялық құрамы оның жануарлар мен адам ағзасына емдік әсерінің негізі болып табылады. Бұл дәрілік өсімдік көп қырлы әсерге ие: қабынуға қарсы, микробқа қарсы, антидепрессант, гемостатикалық, вирусқа қарсы, антиоксидант және т.б.

Бұл жұмыста шілтер жапырақты шайқурай (*Hupericum perforatum L.*) өсімдігінен қою көмірқышқылды экстракт алынды. Алынған сығындының сапа көрсеткіштері бойынша зерттеулер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы және басқа да нормативті құжаттар талаптарына сай жүргізілді.

Шілтер жапырақты шайқурай (*Hupericum perforatum L.*) өсімдігінің көмірқышқылды сығындысы қабынуға қарсы әсерге байланысты дерматологиялық ауруларды емдеуге арналған жақпамай жасау үшін өсімдік текті практикалық қолдану үшін перспективалы фармацевтикалық субстанция болып табылады. Сол себепті аталған өсімдік сығындысы негізінде қабынуға қарсы әсері бар жақпа майдың оңтайлы құрамын дайындау үшін бес модель жасалды.

Ары қарай алдын ала дайындалған барлық үлгідегі жақпа май негіздеріне алдын ала өлшенген өсімдік экстрактысы бірдей мөлшерде қосылып, үздіксіз араластырылады. Дайын болған жақпа май үлгілерінің органолептикалық қасиеттері, біртектілігі, консистенциясы, тері қабатына жағылуы, сіңірілуі, майлы немесе сулы қабаттарға бөлінуі сипаттамалары бойынша зерттелді.

Шілтер жапырақты шайқурай (*Hupericum perforatum L.*) өсімдігінің көмірқышқылды сығындысы негізінде дайындалған жақпа майдың оңтайлы құрамы анықталып, ары қарай жақпа май алу технологиясы дайындалды.

Қорытындылай келе, Қазақстанда өсетін шілтер жапырақты шайқурай (*Hupericum perforatum L.*) өсімдік шикізатының бай құрамы оны ары қарай зерттеуге жол ашады және оның негізінде жаңа биологиялық белсенді қосылыстар алу оны одан әрі зерттеудің келешегі мен мақсаттылығын анықтайды.

ӨСІМДІК СУБСТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТОЛЫҚ ЦИКЛІН ӨНДІРУДІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Бөлегенов Ә.А., Алламбергенова З.Б., Момбеков С.Е.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Реестрінде тіркелген 7364 дәрілік препараттар бар. Отандық препараттарды үлесі –14,5%, фармацевтикалық тауарлардың 85,5%-ы импорттық дәрі-дәрмектерге сұраныс есебінен қанағаттандырылады. Елдегі импортқа тәуелділік жағдайында фармацевтикалық нарыққа отанда өндірілген жаңа дәрілік заттармен қамтамасыз ету Қазақстанның фармацевтикалық өнеркәсіптің қалыптасу процесінде маңызды кезеңі болып табылады. Оның ішінде фитопрепараттардың маңыздылығын ескере отырып, олардың өндірісін кеңейту қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Фитопрепараттар үшін жұмсақ терапевтік әрекет, аз уыттылық, жанама әсерлердің аз болуы және шикізаттың экономикалық тұрғыда қолжетімділігі тән. Қалақай дәрілік өсімдік шикізаты негізінде өндірілетін фитосубстанциясының тұжырымдамалық толық циклін жасау өзекті болып табылады.

Мақсаты. Өсімдік субстанцияларының толық циклін өндірудің GMP стандарты бойынша тұжырымдамалық жобасын әзірлеу. (*Қалақай жапырағы (Urtica dioica)*)

Химиялық құрамы. Қалақай жапырақтарының құрамында, К дәрумені (42-45 мкг/г), пантотен қышқылы; каротиноидтар (β-каротин, ксантофилл, виолаксантин), гликозид уртицин, дубильды және белокты заттар, құмырсқа, кофеинді, Р-кумарлы, ферулді органикалық қышқылдар, азотты заттар, сонымен бірге аспарагин, глутамин; ацетилхолин, 5-дигидротриптамин, гистамин, хлорофилл (2-5%), протопорфирин, копропорфирин, ситостерин, холин, бетаин, фитонцидтер, шырыш, темір, кремний тұздары және басқа заттар бар. Және де С дәрумені мен А провитамины көп. Ақуыз құрғақ массаның шамамен 30% құрайды және адамға қажетті көптеген аминқышқылдары бар соның ішінде ауыстырылмайтын да бар. Құрғақ массаның шамамен 20%-ын минералдар құрайды. Мырыш, темір, кобальт, калий, никель және молибден өте көп.

Нәтижелері. Көмірқышқылды экстракцияның технологиясы – бұл шикізатты көмірқышқыл газымен өңдеп, жоғары концентрацияда әртүрлі биологиялық белсенді заттарды таза күйінде бөліп алуға мүмкіншілік беретін экстракциялау әдісінің оңтайландырылған жолы.

Тұжырымдамалық жоба дәрілік өсімдік шикізатының сапасын қамтамасыз ету үшін GACP және GMP стандарттары қолданылды. Экстракт алудың тұжырымдамалық жобасы келесі жұмыстардың негізінде жасалды:

Қорытынды. Дипломдық проект бойынша өсімдік субстанциясының өндіріс алаңын ұйымдастыру негізінде Қалақай жапырағының фармакологиялық қасиеттеріне зерттеулер жүргізілді. Фармакологиялық қасиеттерін ескере отырып, өндіріс алаңы, технологиялық процестер жоспарланып жасалды.

Қалақай жапырағынан алынатын CO₂ сығындысы қазіргі уақытта кең таралған ауру түрлерін емдеуде субстанция ретінде кеңінен қолданылатыны сөзсіз.

Қалақай жапырағынан шөп шай түрінде «Зерде фито», май түрінде «Фитолеум» және «Фито-Аромат» өндірістері өндіріп шығарады. Қалақай жапырағының қолдану түрін кеңейту мақсатында осы тұжырымдамалық жұмыс жасалды.

**ВАКЦИНА МЫСАЛЫНДА БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАРДЫ ШЫҒАРУ
БОЙНША ӨНДІРІСТІК АЛАҢДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Карымсакова С.Б., Момбеков С.Е.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. 2025 жылға дейін денсаулық сақтау министрлігіне медициналық бұйымдар мен дәрі-дәрмектерге сынақтар жүргізу жөніндегі зертханалардың материалдық-техникалық базасын күшейту, кешенді жоспарды іске асыруды ескере отырып, фармацевтика саласы үшін білікті кадрлар даярлау жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 7 шілдедегі ҚР ДСМ-58 бұйрығымен бекітілген «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес және ИСО 16644 бойынша дәрілік заттар мен фармацевтикалық субстанциялар өндірісі таза үй-жайларда жүргізілуі тиіс.

Ауруды ерте диагностикалау – уақытылы және дұрыс диагноз қоюды нақты бағалауға мүмкіндік береді. Осы мәселені жоюдағы мақсаттың бірі – Covid-19 негінде биологиялық препараттар өндіру. Бұл өндіру процесі үшін ең қажетті – өндіріс алаңын ұйымдастыру. Covid-19 вирусына қарсы биологиялық препараттар өндірісінің өндіріс алаңын әзірлеу өзекті және іс жүзінде маңызды болып табылады. Өндіріс алаңын құру барысында барлық технологиялық және инженерлік мәселелер дәрілік заттарды өндіруді ұйымдастыру және сапасын бақылау ережелерінің талаптарына сүйене отырып, GMP стандартты ережелері мен ISO 14644 – «Таза бөлмелер және олармен бақыланатын орта» ережелері арқылы ұйымдастырылады.

Мақсаты: Covid-19 негінде биологиялық препараттарды пайдалану арқылы GMP бойынша өндірістік алаңды ұйымдастыру.

Нәтижелері. Вакциналарды алу және стандарттау келесі ретпен жүреді:

1. Бастапқы штаммды алу және сипаттау;
2. Биомасса алу (микроорганизмдерді, вирусты өсіру әдісін таңдау);
3. Антигендік құрылымды оқшаулау (тұндыру, тұздану, сорбция, элюция, ультрафилтрация және т.б.);
4. Оны инактивациялау (формалин, фенол, сутегі асқын тотығы, қыздыру және т.б.), тазарту, зарарсыздандыру (термиялық, сәулелену, сүзу);
5. Құю;
6. Стандарттау;
7. Қаптама.

Вакцина штаммы вакцинацияланған адамның денесінде көбейіп, вакциналық инфекциялық процесі тудырады. Тірі вакциналар ферменттегі сұйық қоректік ортада өсіріледі. Тірі вирустық вакциналар тауық эмбрионында (тұмауға, құтыруға, кене энцефалитіне қарсы вакцина) немесе жануарлар жасушаларының дақылдарында штамм өсіру арқылы жасалады: бастапқы жасуша дақылдары (тірі полиомиелит вакцинасы) және трансплантацияланатын жасуша дақылдары (VERO белсенді емес полиомиелит вакцинасы). Тірі вакциналар – герметикалық шыны ампулаларда консерванттарсыз 2-8°C температурада сақталатын лиофилизаттар. Асептика жағдайларын қатаң сақтау қажет.

Қорытынды. Қазіргі кезде алдын ала егудің нәтижесінде көптеген жұқпалы аурулар (мысалы, шешек) жойылды. Бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жылына 500 млн. адам жұқпалы ауруға шалдықса, оның 400 млн-дайы егілмегендер екені анықталып отыр (2007). Сондықтан әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресте егудің маңызы зор екеніне ешбір күмән келтірілмейді.

ТЯНЬШАНДЫҚ ШЕРМЕНГҮЛ (*GENTIANA TIANCHARICA RUPR.*) СЫҒЫНДЫСЫН АЛУ ӘДІСІН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ВАЛИДАЦИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

Жұмабек А.А., Момбеков С.Е.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Қазіргі уақытта ҚР-ның фармацевтикалық өндірісінің негізгі перспективасы өсімдік шикізатынан тұратын субстанциялық дәрілік фитопрепараттардың қолданылуы. Маңызды артықшылықтары: жанама әсерлердің аз болуы, аз токсикалылығы, қолданылуы және әсер ету жеңілділігі.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық өндірісі жергілікті халықтың сұранысын тек 4-8 % ғана қанағаттандыра алады. Соның ішінде өсімдік тектес дәрілік заттардың фармацевтикалық нарығының талдауына сәйкес фитопрепараттардың 60 %-дан астамы жақын және алыс шетелдерден импортталады. Сондықтан қазір де өзіміздің фармацевтикалық нарықты толық циклді қамтамасыз ете алатындай дамытуымыз қажет. Осындай бірқатар себептерге байланысты, өсімдік өндірісін және фармацевтикалық нарықты дамыту үшін ғылыми әзірлемелер қажеттілігі жоғары өте өзекті мәселе болып тұр.

Осы тұрғыдан алғанда, Тяньшандық шерменгүл (*Gentiana Tianscharica rupr.*) дәрілік өсімдік шикізатынан тазартылған, аз токсикалық, биологиялық белсенді заттың кеңінен әсер ете алатын, биожеткілігі жоғары сығынды алу қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Мақсаты. Тяньшандық шерменгүл (*Gentiana Tianscharica rupr.*) өсімдік шикізатынан тиімді сығынды алу технологиясын әзірлеу және валидациялық бағалау

Химиялық құрамы. Шерменгүлдің сабақтарында генциопикрин, амарогентин, сондай-ақ бірнеше гликозидтер: амаросверин, амаропанин, сверциамарин кездеседі. Одан бөлек өсімдіктің жерүсті бөліктерінде алкалоид, генцианин, пиридина: генциалютин, генцианидин, генциопунктин, генциофлавин анықталған. Жоғарыда аталған химиялық қосылыстардан бөлек өсімдіктің кей түрлерінің құрамынан ароматты қосылыстар, пектиндер, аскорбин қышқылы мен инулин табылды және сабақтарынан трисахарид генцианоза мен дисахарид сахароза бар екені белгілі болды.

Нәтижелері. Тяньшандық шерменгүл (*Gentiana Tianscharica rupr.*) биіктігі 15–30 см болатын көпжылдық өсімдік. Өсімдіктің фармакологиялық әсері асқазан-ішек жолдарына қолданылатын гликозидтердің болуымен ерекшеленеді. Гликозидтер сонымен қатар спазмолитикалы әсерге ие. Ішке қабылдауға арналған өсімдік тұнбалары ғылыми медицинамен мақұлданған. Этил спирті - этанол 96% (ҚР МФ I, т.2, 472 б.) көгілдір түсті түтінсіз жалынмен жана отырып шамамен 78°C температурада қайнайды. Антисептикалық, дезинфекциялық, жергілікті тітіркендіргіш әсер көрсетеді. Тері мен шырышты қабыққа 70% концентрацияда жоғары антисептикалық қасиетке ие. Зерттеу барысында перколяция әдісімен тяньшандық шерменгүл сұйық сығындысын алу үшін 96% этил спирті экстрагент ретінде пайдаланылды. Бірінші қадам - ДӨШ дайындау, экстрагент дайындау, содан кейін ДӨШ-ті экстрагентпен араластыру, тұндыру, перколяция процесін жүргізу, тұндыру, алынған сығындыны сүзу. ДӨШ-ның ұсақталу дәрежесі 3 - 4 мм, тұндыру уақыты – 24 сағат, температура – 18-250C. Тяньшандық шерменгүл қою сығындысын дайындау кезінде экстракция уақыты мен температурасы зерттеле отырып валидациялық бағалау жүргізілді.

Қорытынды. Технологиялық процесі валидациялаудың сәтті аяқталған процедураны растау процедурасы дәрілік препараттың коммерциялық партияларын шығаруды валидация серияларын өндіруге ұқсас жүзеге асыратын стандарт бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді, өндіруші нормативтік құжаттаманың (ФСП/НД) талаптарына сәйкес келетін дайын өнімнің сапасына сенімді бола алады.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЦИНКА В ЛЕЧЕНИИ ТЕЛОГЕНОВОЙ АЛОПЕЦИИ

А.Д. Сатвалдиева¹, Т.Р. Махамбеткулова¹

¹НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет», Алматы, Казахстан

Актуальность. Челюстно-лицевые травмы — тяжелые и сложные повреждения, представляющие значительную угрозу здоровью и жизни. Они могут привести к длительной инвалидности, что подчеркивает важность проблемы.

Цель. Основная цель исследования - повышение качества и эффективности медицинской помощи при челюстно-лицевых травмах, сокращение сроков лечения и улучшение общих исходов.

Материалы и методы. Исследование основано на наблюдении за пациентами разных возрастов, проходившими лечение в ГКБ № 5. Особое внимание уделялось восстановлению функциональности и косметического вида лица, что включает ушивание ран, удаление инородных тел, гемостаз и поддержание функциональности важных структур лица.

Результаты и обсуждение. За 5 лет было наблюдаено 1120 пациентов с переломами костей лицевого скелета, 88,90% из которых были мужчины, 11.10% - женщины. Большинство пациентов были моложе 40 лет. Основной причиной переломов являлась бытовая травма (91.3% случаев). Эти данные подчеркивают актуальность проблемы травматизма челюстно-лицевой области.

Выводы. Своевременное оказание специализированной помощи, комплексные мероприятия лечения и профилактики, использование современных технологий для точной диагностики и последовательное применение на всех этапах медицинской помощи способствуют совершенствованию помощи пациентам с травмами челюстно-лицевой области.

ТЯНЬШАНДЫҚ ШЕРМЕНГҮЛ (*GENTIANA TIANSHANICA RUPR.*) СЫҒЫНДЫСЫ ҚОСЫЛҒАН ГЕЛЬДІҢ ҚҰРАМЫН, ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҒАЛАУ

Ихласова Н.А., Алламбергенова З.Б., Момбеков С.Е.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Фармацевтикалық өндіріс адам денсаулығына пайдалы әрі қол жетімді, салыстырмалы түрде қауіпсіз дәрі-дәрмектерді өндіруді басты мақсат ретінде көздей отырып, қазіргі кезде дәрілік өсімдіктерді және олардан алынатын препараттарды қолдануға деген қызығушылықты күн сайын арттырууында. Бұл қазіргі заманғы синтетикалық дәрі-дәрмектермен салыстырғандағы артықшылықтарына байланысты, өйткені өсімдіктердің құрамында кездесетін биологиялық белсенді заттардың биожетімділігі жоғары, ұйыттылығы мен жанама әсерлері салыстырмалы түрде азырақ.

Тяньшандық шерменгүлдің (*Gentiana Tianschanika Rupr.*) құрамында кездесетін биологиялық белсенді заттардың, соның ішінде өсімдік тамырында шоғырланған ащы гликозидтердің (генциопикрин және т.б.), кахетиндер, пектиндер, флавоноидтар, иридоидтар, кумариндер, генцианин, алкалоидтар, аскорбин қышқылы фармакологиялық эффект беретіні анықталды. Осыны ескере отырып, шерменгүл өсімдігінен алынатын стандартталған сығынды қосылған гель алу шешімі қабылданды.

Мақсаты. Тяньшандық шерменгүл (*Gentiana Tianschanika Rupr.*) сығындысы қосылған гельдің оңтайлы құрамын таңдау, сапа көрсеткіштерін анықтау

Химиялық құрамы. Тяньшандық шерменгүлдің химиялық құрамында жалпылама алғанда бірнеше белсенді заттар кездеседі: пектиндер - 0.01%; ащы гликозидтер - 3,9%; ксантондар - 0,32-0,90%; флавоноидтар – 2%; дубильді заттар; иридоидтар; сахароза – 5-8%; эфир майлары – 6%; май қышқылдары - 0,03-0,07%; генцианин – 1%; алкалоидтар - 0,029-1,1%-; ферменттер – 0,003%; пигменттер – 4%; аскорбин қышқылы – 0.2%.

Нәтижелері. Тяньшандық шерменгүлден қоңыр түсті қою сығынды, өзіне тән өсімдік иісі бар сығынды алынды. Бұл сығындының құрамын органикалық қосылыстарға анықтау ҚР МФ І т., 2.2.28 ГХ/МС әдісі арқылы жүзеге асырылды. Үлгі көлемі 0,5 мкл, үлгіні енгізу температурасы 280 °С-ты құрады. Бөлу DB- 35MS ұзындығы 30 м, ішкі диаметрі 0,25 мм және қабықшаның қалыңдығы 0,25 мкм болатын DB-35MS хроматографиялық капиллярлық колонканың көмегімен 1 мл/мин тұрақты тасымалдаушы газдың (гелий) жылдамдығында жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша ең көп мөлшерде 12.55 мин ұстау уақытында 97% сәйкестендіру ықтималдылығымен сірке қышқылының 12.45 % пайыздық құрамы анықталды. Одан бөлек ГХМС әдісінің 35.3 минутында резорцинол 10.44% көрсеткішпен анықталды. Бұл екі қосылыстың беретін фармакологиялық әсері микробқа қарсы әсер беретіндіктен, бұл көрсеткіш алдағы әзірленетін препараттың қолдану аясын анықтайды. Сапа көрсеткіштері анықталған сығындынан гель ару барысында 5 модель таңдалды.

Қорытынды. Тяньшандық шерменгүлден (*Gentiana Tianschanika Rupr.*) алынған сығынды негізінде гель дайындау жұмысы барысында анық беретін фармакологиялық әсері – микробқа қарсы әсер етеді, аталмыш әсерді арттыру мақсатында гелидің құрамына димексид (ДМСО) енгізілді. Бейтараптандырушы агент ретінде - натрий гидроксиді 10%, пластификатор болып - глицерин, гелидің негізі ретінде - карбопол таңдалды. Өсімдік сығындысы қолданылғандықтан, өзіне тән иісін болдырмау және қолдануға ыңғайлылығын арттыру мақсатында «Ментол» хош иістендіргіші гелиге енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫНДАҒЫ ҚЫСЫММЕН ЖАСАЛАТЫН ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТАРҒА МАРКЕТИНГТІК ШОЛУ

Асылбекова А.А., Момбеков С.Е.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Дәріханадағы ыдыстар мен қаптама дәрілік заттарды ыңғайлы қолдану мүмкіндігін де, сақтау кезінде тиісті сапаны сақтауды да қамтамасыз ететін ерекше рөл атқарады. Қаптаманы ұтымсыз таңдау шикізаттың, материалдардың, дәрі-дәрмектердің сапасының төмендеуіне және айтарлықтай жоғалуына әкеледі.

Қысыммен жасалған арнайы контейнерлерде дайындалған препараттар – ыдыстарға, бүріккіш құрылғыларға және қысымдағы препараттарға қойылатын талаптарды ұсынады. Контейнерлер күшті және ішкі қысымға төзімді болуы керек. Олар металдан, шыныдан, пластмассадан немесе осы материалдардың қосындысынан жасалған болуы мүмкін және олардың мазмұнымен әрекеттеспеуі керек. Қысыммен жасалған дәрілік препараттардың бірқатар артықшылықтарын атап өтуге болады. Оның ішінде, емдік әсердің жылдамдығы, пайдаланудың қарапайымдылығы, баллондардың герметикалығы және сыртқы физикалық факторлардың әсерінен (жарық, ауа, ылғалдылық және т.б.) қорғау есебінен дәрілік заттардың тұрақтылығын арттыру, мөлшерлеу клапандарын пайдалану кезінде дәрілік заттарды дәл мөлшерлеу мүмкіндігі және т.б.

Жалпы елімізде көп адамдар тыныс алу жолдары ауруларына шалдығады. Осыған орай Қазақстан нарығындағы мұрын қуысына арналған спрейлерге талдау жасалады. Қазақстан Республикасындағы мұрынға арналған спрейлердің фармацевтикалық нарығы ассортименті номенклатурасының мазмұндық талдауы дәрілік заттардың ассортименті 122 фирмалық атаулармен, 30 халықаралық патенттік емес атаулармен, 21 өндіруші елдермен, 14 фармакотерапиялық топтармен ұсынылғанын көрсетті. Өндіруші елдер арасында Ресей (28%), Германия (17%) және Италия (8%) көшбасшы болып табылады, ал Қазақстанда небәрі 1% құрайды. Ксилонметазолин (30%) және оксиметазолин (11%) ең көп үлесті фармакотерапиялық топтарға жатады.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында қысыммен жасалған дәрілік заттар жеткілікті ассортиментте және мөлшерде ұсынылған. Бірақ отандық өнім тек 1 пайызды ғана құрайды. Аэрозоль түріндегі жаңа препараттарды әзірлеу мен өндіруде және оларды нарыққа шығаруда отандық өндірушілерге назар аудару қажет. Бұл топтың даму тенденциялары заманауи фармацевтиканың соңғы жетістіктерін біріктіретін аэрозоль түріндегі дәрілік препараттарды дамытуға бағытталуы керек.

ПОЛИВИТАМИНДІК ПРЕПАРАТТАР НАРЫҒЫН МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ (АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Әмір Н.Т., Тлеубаева М.И., Датхаев У.М.
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
Алматы, Қазақстан

Өзектілігі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметі бойынша соңғы он жылда поливитаминдік препараттарды тұтыну көрсеткіші артып отыр. VI-ORTIS фармацевтикалық талдау агенттігінің мәліметі бойынша Қазақстан Республикасында 2020 жылдың I жартыжылдығында витаминдік дәрілік препараттарды тұтыну көрсеткішінің 32,9% жоғарылауы байқалады. Қазақстан Республикасындағы дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімінде тіркелген дәрілік заттарға кешенді талдау нәтижелері келтірілген. Алынған нәтижелер витаминдік дәрілік заттар нарығын тереңірек зерттеуге және оның болашақ даму перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

Мақсаты. Алматы қаласының мысалында Қазақстан Республикасы фармацевтикалық нарықтың витаминдік препараттар сегментіне маркетингтік талдау.

Материалдары мен әдістері. Қазақстан Республикасы дәрілік заттар мемлекеттік реестріне контент-талдау жасау, аймақта қолданылатын поливитаминдік препараттарының оңтайлы диапазонын ABC- және VEN-анализ сараптамалар қорытындысы негізінде анықтау, нарықтағы поливитаминдік препараттардың ассортименттік саясатын зерттеу, тиімді поливитаминдік препараттарды анықтау.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғылыми мақалаларға, нормативтік құжаттарға шолу жүргізілді. Зерттеу әдістері ретінде әдеби шолу, әлеуметтік зерттеулер, графикалық талдау әдістері, салыстырулар пайдаланылды.

Нәтижелері. Қазақстан Республикасы дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімінің деректері бойынша 7439 (26.01.2023ж.) дәрілік заттар тіркелген, соның ішінде витаминдік препараттар тобы 104 (1%) сауда атауымен ұсынылған, оның 13 сауда атауы поливитаминдік дәрілік заттарға тиесілі. Поливитаминдік препараттарды талдау нәтижесінде ABC - талдауында А тобы препараттарының жалпы сату көлемі 4 676 800 теңге болды, ол жалпы сатылым көлемінің 78,5 % береді. В тобының сатылымындағы үлесі 2022 жылы 14,7% құрады, ол 876 120 теңгеге шықты. С тобы 406 540 теңге әкелді, оның көлемі 6,8%-ды қамтыды. VEN – талдауы нәтижесінде V тобына үш препарат, E тобына сегіз, ал N тобына екі препарат кіретіні анықталды.

пациенттерге күтім жасау жөніндегі мейіргерлерге арналған, пациенттерді басқаруда профилактикалық, диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шараларын пайдалануды көздейтін ғылыми дәлелденген ұсынымдардан тұратын құжат; мейіргерлік күтім – барлық жастағы, топтағы және қоғамдастықтағы, науқас немесе дені сау адамдарға мейіргерлер мен кеңейтілген практикадағы мейіргерлер көрсететін, денсаулықты насихаттауды, аурулардың профилактикасын және науқастарға, мүгедектерге және ауыр халдегі дамдарға күтім жасауды қамтитын медициналық қызметтер кешені.

Қорытынды. Қазіргі уақытта медициналық университеттерде, жоғары медициналық колледждерде, сондай-ақ клиникалық тәжірибеде мейіргерісі бойынша ақпарат жинауға және зерттеулер жүргізуге қызығушылық пен ынта артып келе жатқанын айтуға болады. Ұсынылған ақпараттарды қорытындылай келе, мейіргерлердің рөлі мен клиникалық практикадағы мейіргерлердің маңыздылығы туралы зерттеулер өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Қазақстанда жоғары сапалы және нақты деректерге негізделген медициналық көмекті дамытуға және зерттеулер арқылы мейіргерлік қызметтерді ұйымдастырудың жаңа үлгілерін жасауға мотивация өсіп келе жатыр. Білім беру мекемелері мен клиникалық тәжірибе арасында мейіргерлік зерттеулер бойынша жоспарланған және ағымдағы зерттеулерді қарау мәселелерін шешу үшін көбірек мүмкіндіктер қажет. Республикада мейіргер ісінің одан әрі даму перспективалары – денсаулық сақтауда мейіргерлерді ұтымды пайдалану мақсатында кәсіби өсуді, мейіргерлер мансабын дамытуды, тиімді кадр саясатын қамтамасыз ету, білім деңгейін, көрсетілетін мейіргер көмегінің күрделілігін, көлемі мен сапасын ескере отырып, мамандардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, олардың арасында барлық деңгейлерде көшбасшылық әлеуетті дамыту, сондай-ақ мейіргерлерді Денсаулық сақтау саясатын айқындау мәселелеріне тарту, магистр дәрежесін беретін оқу орындарына түсу мүмкіндіктерін кеңейту.

АКТУАЛЬНОСТЬ ВОПРОСА РАЗВИТИЯ МЕНТОРСТВА В СЕСТРИНСКОМ ДЕЛЕ

Абдирасил Ж.Д., Маханбеткулова Д.Н., Талдыбай А.Ж.

Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова

Актуальность. Менторство является эффективным инструментом развития профессиональных навыков и повышения квалификации в сестринском деле. В настоящее время менторство становится все более актуальным в связи с растущей сложностью задач, возникающих перед медицинскими работниками. Развитие менторства в сестринском деле позволит повысить качество медицинской помощи, улучшить культуру обслуживания пациентов и укрепить профессиональную команду.

Цель. Рассмотреть этапы развития менторства, описать существующие программы, направленные на его совершенствование, а также проанализировать текущее состояние менторства как в Казахстане, так и в мировом контексте.

Материалы и методы. Нами был проведен поиск и анализ научных публикаций в базах данных PubMed, MedLine, CINAHL с использованием ключевых слов. Глубина поиска 10 лет. Общий объем проанализированных научных статей было 25.

Результаты.

История развития менторства в сестринском деле насчитывает несколько десятилетий. Впервые менторство было введено в практику обучения медицинских сестер в Великобритании в 1980-х годах.

Основным целевым направлением менторства было обеспечение поддержки для молодых сестер, которые только начинали свою профессиональную карьеру. Программы менторства включали в себя не только наставничество, но и поддержку в развитии профессиональных навыков и личностного роста. В 1990-х годах программы менторства в сестринском деле получили широкое распространение в Северной Америке и в Европе. С 2000-х годов менторство в сестринском деле начинает активно развиваться и в других странах мира, таких как Австралия, Канада, Новая Зеландия, Южная Африка и др. В этих странах программы менторства стали важным компонентом профессионального обучения медицинских сестер и помогают поддерживать высокий уровень качества сестринской практики.

Сегодня менторство в сестринском деле широко распространено по всему миру и признано важным аспектом профессиональной практики медицинских сестер. Развитие программ менторства продолжается, и они становятся все более специализированными и индивидуально ориентированными, чтобы лучше соответствовать потребностям и запросам медицинских сестер на разных этапах их профессиональной карьеры.

В 2012 году Министерством здравоохранения Казахстана была принята программа «Развитие сестринского дела в Республике Казахстан на 2012-2020 годы», которая включала в себя мероприятия по развитию менторства в сестринском деле. В рамках программы были организованы курсы повышения квалификации для менторов, а также проведены семинары и тренинги для медицинских сестер.

Заключение. На сегодняшний день менторство в сестринском деле продолжает развиваться в Казахстане. Однако, этот процесс является довольно медленным, так как требует значительных усилий для организации обучения и подготовки менторов, а также изменения менталитета и культуры профессионального общения медицинских сестер.

МЕЙІРГЕР МАМАНДАРЫНЫҢ ПАЛЛИАТИВТІК КӨМЕК КӨРСЕТУДЕГІ РӨЛІ

Урымбетова Ж.Т., Маханбеткулова Д.Н.

«С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ, Алматы қ.,
Қазақстан

Андатпа. Мақалада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсыныстарын ескере отырып, инкурабельді науқастарға паллиативтік көмекті ұйымдастырудың өзекті мәселелері қарастырылды. Ауыр халдегі науқастарға мейіргерлік көмек көрсетудің медициналық-әлеуметтік аспектілеріне ерекше көңіл бөлінді.

Мақсаты: Паллиативтік көмек көрсетудегі мейірбике мамандарының дағдылары мен біліктілік деңгейін бағалап, жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері: Зерттеу объектісі – Алматы қаласының паллиативті орталығы

Қорытындылар және тұжырымдар:

1. 2021 жылы қалалық паллиативтік көмек көрсету орталығында 1 штат дәрігер персоналы жетіспеді, медбикелер бойынша тиісті 91,25 штаттың орнына небәрі 71 адам жұмыс істеді, 20,25 штаттық орын бос болды. Хосписпен медбикелерін қамтамасыз етілуі өзекті мәселе болып табылады, өйткені мейірбике ең алдымен көмек көрсете отырып, пациенттің жанында көп уақыт өткізуі керек.

2. Паллиативті орталыққа жатқызылған аурулардың негізгі үлесін онкологиялық аурулар (59,9%) құрайды. Екінші орында жүйке жүйесі аурулары (31,9%), үшінші орында асқазан-ішек жолдарының аурулары (2,0%) тіркелген.

3. Сауалнамаға қатысқан науқастардың жартысынан көбі (52,6 %) паллиативті орталықта жұмыс жасайтын медбикелердің жұмысын жоғары бағалаған. 28,6 % науқастар орташа деп бағаласа, 7,2 % респонденттер төмен деген баға берген.

4. Сауалнамаға қатысқан науқас туыстарының 59,0 % хоспис медбикелерінің кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын жоғары бағалап, көңілдері толатындарын белгілеген, 30,0% респонденттер көңілдері толмайтынын белгілесе, 11,1 % респонденттер жауап беруден бас тартқан.

5. Сауалнамаға қатысқан медбикелердің 81,0 % паллиативті орталықта жоғары жұмыс жүктемесімен жұмыс жасайтындарын белгілеген. 19,0 % медбикелер жұмыс жүктемесі орташа деп белгілеген.

Паллиативтік көмек көрсететін мейірбикенің толық профильді білімі ғана емес, мейірбикелік күтімнің науқасқа бағытталған нақты үлгісі болуы керек. Бұл науқасқа және оның туыстарына паллиативтік көмекті толық және тиімді көрсетуді қамтамасыз етеді және көрсетілетін көмектің сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

ИНСТРУМЕНТЫ ДЛЯ ОЦЕНКИ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ У ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ ПРИ ЗАБОЛЕВАНИЯХ ОРГАНОВ ДЫХАНИЯ

Байтуганова А.Н., Жаксылыкова Г.А., Салтабаева У.Ш.
Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан

Актуальность. В структуре общей заболеваемости и смертности у детей по Республике Казахстан болезни органов дыхания занимают лидирующие позиции. На болезни органов дыхания в возрастной категории 0-14 лет приходится 51,8% из всех случаев зарегистрированных заболеваний. У подростков 15-17 лет болезни органов дыхания составили 33,81%. Существует необходимость в изучении существующих опросников для обнаружения эффективного инструмента оценки КЖ у детей в пульмонологическими заболеваниями.

Цель. Определить универсальные и специфические при заболеваниях органов дыхания инструменты оценки качества жизни, связанного со здоровьем (HRQOL) детей и подростков в возрасте от 7 до 17 лет.

Материалы и методы. Анализ литературы проводился с использованием научных баз PubMed, EBSCO Chinal, Google Scholar. В обзор были включены исследования, опубликованные в период с 2012 по 2022 год, в которых описывались опросники, оценивающие качество жизни детей с обструктивными бронхитами, бронхитами, бронхиальной астмой, пневмонией, а также оценивающие валидность и надежность данных опросников.

Результаты. В последние годы все большее внимание уделяется разработке инструментов HRQOL, основанных на конкретных предпочтениях детей и подростков. К общим инструментам оценки качества жизни детей относятся: детский опросник качества жизни — PedsQL™4.0; опросник здоровья ребенка — CHO; европейский опросник оценки качества жизни детей — KINDL; опросник оценки качества жизни в педиатрии — TACOOL; профиль здоровья и заболеваний у детей — CHIP; опросник состояния ребенка — HAY .

Использование и подбор валидных, чувствительных опросников КЖ которые могут быть применимы в сестринской практике, а также выявляющие клинически значимые изменения даже при незначительной выраженности позволят предотвратить процесс перехода в хроническое заболевание.

Заключение. Педиатрические инструменты HRQOL должны содержать четкую концептуализацию конструкции HRQOL. Трудности возникают в связи с вопросом о том, могут ли дети сообщать о своем собственном опыте напрямую, или же родитель или врач должны сообщать от имени ребенка. Подход, ориентированный на ребенка, является обязательным, поскольку литература указывает на то, что дети способны сообщать достоверную информацию о здоровье.

ДИАБЕТТІК ТАБАННЫҢ АЛДЫН АЛУДАҒЫ МЕДБИКЕНІҢ РӨЛІ.

Мырзахмет Э.П. Оспанова Д.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан.

Өзектілігі: Диабеттік табан диабеттік науқастарда дистальды төменгі аяқтарда байқалатын тіндік аномалиялар кешені болып табылады. Диабеттік аяқ жарасының алғашқы профилактикасы ілеспе ауруларды емдеуге кешенді көзқарасқа бағытталған. Диабеттік аяқ өзгерістерінің алдын алу гликемиялық бақылауды және арнайы аяқ күтімін сақтауды қамтиды. Бұл пациенттерді оқыту кезінде медбике беретін маңызды ақпарат. Диабеттік аяқтың алдын алу саласындағы медбикелердің білімін бағалау Алматыдағы медбикелер үшін маңызды.

Мақсаты: 2 типті қант диабетімен ауыратын науқастарға диабеттік табанның алдын алу бойынша кеңес беру бойынша медбикелерге ұсыныстар әзірлеу.

Әдістері: Сандық зерттеу Webropol онлайн сауалнамасы арқылы жүргізілді (3.0 нұсқасы). Іріктеме 103 өтініш беруші бакалаврдан құралды. Деректер SPSS 26 және сипаттама статистикасы арқылы талданды.

Нәтижелер: Сауалнамаға жауап берген медбикелердің 71,8%-ы қант диабеті және аяқ күтімі бойынша үздіксіз білімін жетілдіру курстарынан өтпеген. Мейірбикелердің көпшілігі (63,1%) қауіп тобындағы науқастарға асқынулардың алдын алуды ұсынбайды және науқастың аяқ-қолын бақыламайды. Медбикелердің тек 28,2%-ы ғана емделушілерге және олардың туыстарына кеңестер ұсынған. Медбикелердің көпшілігі (78,6%) диабеттік табан бойынша қосымша білім алғысы келеді.

Қорытындылар: Бастапқы медициналық-санитарлық көмек секторында диабеттік табанның алдын алу үшін 2 типті қант диабеті туралы медбикелердің біліміне қатысты қорытындыларға сүйене отырып, медбикелер әдетте диабеттік табанның қауіп факторларын біледі, бірақ диабеттік табан асқынуларының алдын ала бермейді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты диабеттік табанның алдын алу туралы медбикелердің білімін ашу болды. Сауалнама қорытындысы бойынша медбикелерге қосымша білімнің жетіспейтіні белгілі болды.

ГИПЕРТОНИЯЛЫҚ КРИЗ КЕЗІНДЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕЙІРБИКЕНІҢ КӨМЕК КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ

Зулхайдарова А., Қаныбеков А.Қ.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

Түйін. Бұл мақалада гипертониялық криз кезінде мамандандырылған мейірбикенің көмек көрсету шаралары баяндалған.

Мақсаты: гипертониялық криз уақытында дәрігерге дейін мейірбикелік біріншілік көмек ретінде АҚҚ мүмкіндігінше төмендету.

Әдістері: Әдебиеттерді талдау PubMed, EBSCO Chinal, Google Scholar ғылыми деректер базалары арқылы жүргізілді.

Нәтижелер: Жүрек-қан тамырлары аурулары дүние жүзінде өлім мен сырқаттанушылықтың барлық себептері арасында бірінші орында. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2025 жылға қарай гипертониямен ауыратындардың саны 15-20%-ға артып, шамамен 1,5 миллиард адамға жетеді. Артериялық гипертензия жүрек жеткіліксіздігінің, инсульттің және созылмалы бүйрек ауруларының негізгі себептерінің бірі болуы мүмкін, соған байланысты халық арасында мезгілсіз өлім мен мүгедектіктің өсуіне себепкер болады.

Гипертониялық криз-гипертония ауруының себебінен аз уақытқа АҚ көтеріліп кету салдарынан науқастың денесінде жалпы ауытқулар дамиды. Көбіне психикалық жарақаттан, толқудан, жүйке жүйесінің кернеуінен, атмосфералық қысымының тез арада өзгеруінен және жоғары ыстықтың әсерлерінен дамиды.

Гипертониялық криз кезінде мейірбикенің дәрігерге дейінгі көмекті көрсету үшін мүмкіндік беретін белгілер: өткір түрдегі бас ауруы, бас айналу, көз қызметінің нашарлауы, құлақта шуыл естілу, лоқсу, құсу, тепе теңдікті бұзылысы; жалпы нерв жүйесінің қозуы, ашуланшақтық; беттің қызаруы, денені суық тер басу, теріде қызыл дақтар пайда болу; АҚҚ бұрынғы қалпына қарағанда жоғарылауы байқалады.

Қорытындылар: Мейірбикенің орындауға тиісті шаралары: науқасты тыныштандыру, сол үшін корвалол қабылдау, бөлменің ауасын жаңарту, сол үшін терезені ашу, науқасты жартылай отырғызу, басына суық басу, төстің ішкі аймағында ауру сезімі, енгізу кезінде нитроглицерин жұтқызу, қан қысымын төмендету үшін каптоприл (25 мг) немесе 10 мг нифедипинді «тіл астына» қабылдау. Егер ешқандай оң нәтиже болмаса онда жарты сағаттан соң жоғарыда көрсетілген препараттарды қайталау. Науқастың жағдайы жақсармаса, АҚҚ төмендемесе, онда жедел жәрдем мәшинесін шақыру.

Орындалған шараларды бағалау: науқастың жағдайы нашарлаған жоқ, шағымдары азайды; бірте-бірте АҚҚ төмендей бастады; жағдайы жақсарған жоқ, ары қарай дәрігердің нұсқауымен емдік шараларды жалғастыру.

Есте болуы қажет: барлық емдік шараларды орындау кезінде АҚҚ, жүрек соғу жиілігіне міндетті түрде бақылау жүргізу қажет!

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ГИПЕРТЕРМИЯСЫ КЕЗІНДЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕЙІРБИКЕНІҢ КӨМЕК КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ

Каримова А., Қаныбеков А.Қ.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы,
Қазақстан.

Түйін. Бұл мақалада жеткіншектердің гипертермиясы кезінде мамандандырылған мейірбикенің көмек көрсету шаралары туралы деректер берілген

Мақсаты: жеткіншектерде дамып жатқан дененің ыстықтығының жоғарылауын төмендету үшін мейірбикенің дер кезінде көмек көрсету

Әдістері: Әдебиеттерді талдау PubMed, EBSCO Chinal, Google Scholar ғылыми деректер базалары арқылы жүргізілді.

Нәтижелер: Гипертермиялық синдром дененің ыстығының көтеріліп, тіндерде микроциркуляция және зат алмасу бұзылыстарының дамуымен қатарөмірге аса қажетті ағзалар мен тіндердің үдемелі түрде жеткіліксіздерінің дами бастауы.

Жеткіншектердің гипертермиясы екі түрге «қызыл» және «ақ» түрге жіктеледі. Мейірбикенің «қызыл» гипертермия түріне диагноз қоюға қажет белгілер: терінің реңі қызарып, жүрек соғуы және тыныс алу жиіленеді; дененің ыстығының фебрилдік (38°С) дәрежеге көтерілгеніне қарамастан баланың тәртібі өзгермейді.

«Ақ»гипертермия баланың денсаулығы үшін өте қауіпті, оның белгілері: терінің бозаруы, «мәрмәр» реңге енуі, аяқ қолдарының суықтауы, теріні саусақпен басқанда «ақ дақ» белгісінің оң болуы, балада жайбарақаттық, селжостық, кейбір уақытта сандырау және діріл пайда болуы.

«Қызыл» гипертермия кезіндегі мейірбикенің дәрігерге дейінгі көмегі:парацетамол (1панадол) 10-15 мг/кг ішке қабылдау немесе 15-20 мг/кг балауызды тік ішекке енгізу; ибупрофен бір мезеттік көлемін қабылдау. Егер 30-45 мин аралығында оң нәтиже болмаса, онда 50% анальгин ерітіндісін 1 жасқа дейінгі балаға 0,01мл/кг, 1 жастан жоғарыға 0,1 мл/жас көлемде егу жасау. 2,5% («Дипразин») бір жасқа дейін 0,01 мл/кг, 1 жастан жоғарыға 0,1 мл/жас енгізуге болады. Оң нәтиже болмаса, онда 30-40мин антипиретикалық қоспаны қайталауға болады.

«Ақ» гипертермия кезіндегі мейірбикенің дәрігерге дейінгі көмегі: ыстықты төмендететін дәрілермен қатар ауыз арқылы немесе бұлшықетке: «Папаверин» немесе «Но-щпа» 1мг/кг көлемде ауыз арқылы ішке немесе 2% папаверин 1 жасқа дейінгі балаға-0,1-0,2 мл, 1 жастан жоғарыға -0,1-0,2 мл/жас немесе «Но-щпа» 0,1мл/жас, немесе «Дибазол» 1%-0,1 мл/жас көлемде егу. Гипертермиялық синдром кезінде әрбір 30-60 мин сайын науқасқа бақылау жүргізу. Науқасты стационарға жедел түрде жатқызу қажет.

Қорытындылар: Орындалған шараларды бақылау: науқастың жағдайы жақсарды, бірақ соған қарамастаноны зембілге жатқызып ауруханаға тасымалдау, сол уақытта мейірбике науқаспен бірге болуы қажет.

«ЖЕДЕЛ ІШ СИНДРОМЫ» КЕЗІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕЙІРБИКЕЛЕРДІҢ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мухамбетова Б., Қаныбеков А.Қ.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан.

Түйін. Бұл мақалада «жедел іш синдромы» кезіндегі мамандан-дырылған мейірбикелердің көмек көрсету алгоритмін баяндау көзделген.

Мақсаты: «жедел іш синдромы» кезінде мейірбикенің дер кезінде көмек көрсету, патологиялық үрдістің асқынуының алдын алу, тасымалдау ережелерін дұрыс орындауды қамтамасыз ету.

Әдістері: Әдебиеттерді талдау PubMed, EBSCO Chinal, Google Scholar ғылыми деректер базалары арқылы жүргізілді.

Нәтижелер: Жедел іш синдромы - бұл іш қуысы мүшелерінің жедел қабынуы аурулары кезінде болатын науқастың халін сипаттайтын медициналық сөздік болып есептеледі.

«Жедел іш синдромы» құрамына іш қуысының бірнешедеген ағзаларының жедел түрде дамыған патологиялық үрдістері кіреді: асқазан және он екі елі ішек ойық-жарасының тесілуі, ішек пассажының тоқтап қалуы, жедел холецистит, аппендицит, перитонит және т.б. «Жедел іш синдромы» клиникасы бар барлық науқастар хирургиялық бөлімшеге жатқызуды қажет етеді.

«Жедел іш синдромы» кезінде мейірбикенің дәрігерге дейінгі көмекті көрсету үшін диагнозды анықтауға мүмкіндік беретін белгілер: іш қуысындағы әртүрлі ауру сезімдерінің дамуы, іштің алдыңғы қабатының тырысып қалуы, науқастың мәжбүр түрде бір бүйіріне қарап жатуы («эмбриондық жатыс»), әлсіздік, діріл, лоқсу, құсу.

Мейірбикенің орындауға тиісті шаралары: науқасты тыныштандыру, мүмкін болса, оған ыңғайлы түрде кереуетке жатқызу, дәрігерді шақыру, іштің алдыңғы қабатына суық басу.

Мейірбике орындамауға тиіс: ауру сезімін жоюға әрекет жасамау, ауру сезімін басатын, әсіресе наркотикалық препараттарды қолданбау, тазалау клизмасын жасамау, ванна қабылдатпау, ішке жылытқыш қоймау, нәжіс жүргізетін дәрілерді және антибиотиктер тағайындамау.

Қорытындылар: Орындалған шараларды бағалау: науқастың жағдайы біршама жақсарды, бірақ соған қарамастан науқасты зембілге жатқызған күйде ауруға жеткізу, тасымалдау кезінде мейірбикенің науқастың жанында болуы, төтенше жағдайда дер кезінде дәрігерге дейінгі көмекті көрсету.

ЖІТІ МИ ҚАН АЙНАЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСЫМЕН АУЫРҒАН НАУҚАСТАРДА МЕЙІРБИКЕЛІК КҮТІМДІ ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

Түгел М.К.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан.

Өзектілігі: Бүгінгі таңда жедел цереброваскулярлық аурулар - маңызды медициналық проблемалардың бірі, соның ішінде неврологиялық аурулар. Бұл аурудың кең таралғандығына байланысты, инсульт өлім санының өсуіне әкеледі және мүгедектіктің негізгі себебі болып табылады. Сондықтан, бұл тек медициналық проблемаға ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблемаға айналды.

Зерттеу мақсаты: Қазақстан Республикасында ми қан айналымының жіті бұзылысымен ауырған науқастарға мейірбикелік көмекті жетілдіру.

Материалдар мен зерттеу тәсілдері: Зерттеу №7 Қалалық клиникалық ауруханадағы, «нейроинсульт» бөлімшесінде жүргізілді. Зерттеуге 100 науқас және 15 бөлімше мейіргері қатысты. Статистикалық өңдеуге мәліметтерді топтау, қарапайым және құрама кестелерді құру, негізгі сапалық және сандық деректерді есептеу кірді. Материалды статистикалық өңдеу EXCEL 7.0 қосымшасынның көмегімен жүзеге асырылды. Абсолютті шамаларды талдау, салыстырмалы түрде аудару, ауқымды көрсеткіштерді есептеу қолданылды. Фракциялар үшін сәттілік интервалы Уилсонн формуласы бойынша есептелді.

Нәтижелер: зерттеу барысында келесідей міндеттерге қол жеткізілді:

- ауруханада ауруға ұшыраған науқастарға мейірбикелік күтімді ұйымдастырудың жай-күйі мен мәселелерін талданды;
- ауруханада ми қан тамырларының жіті бұзылуымен ауырған науқастарға мейірбике күтіміне арналған оңтайландырудың ұйымдастырушылық технологиясының тиімділігі кешенді түрде бағаланды;
- ауруханадан кейінгі науқастарға арналған мейірбикелік күтімді оңтайландырудың бағыттары әзірленді, ғылыми негізделіп, нақты іс жүзінде іске асырылды.

Қорытындылар: Медбике науқастың өмірлік көрсеткіштерін, оның іс-қимылдарын қадағалауы тиіс. Себебі медбике инсультпен ауыратын науқастың денсаулығына толықтай жауап береді. Осы орайда медбикелер инсульттің алдын алуға ықпал ететін іс-шараларды жүзеге асыра алады. Қайталама медициналық персоналдың рөлін арттыру үшін медбикенің жұмысын тиімді ұйымдастыру, олардың дағдылары мен емдеу рәсімдерін жақсартуды қамтитын медбикелердің науқасты оңалту шараларын әзірлеу сияқты әртүрлі жағдайлар анықталды. Медбикелік көмекті қамтамасыз ететін қажетті жабдықтармен және құралдармен қамтамасыз ету науқастың жағдайын жақсартуын жеделдетеді. Жоғарыда айтылғандар ми қан айналымының жіті бұзылыстары бар науқастарға мамандандырылған мейірбикелік көмек көрсетуді жетілдіру мәселелерін кешенді әлеуметтік-гигиеналық зерттеу жүргізудің өзектілігін негіздейді.

Қорытындылай келе, зерттеу барысында келесідей міндеттерге қол жеткізілді:

- ауруханада ауруға ұшыраған науқастарға мейірбикелік күтімді ұйымдастырудың жай-күйі мен мәселелерін талданды;
- ауруханада ми қан тамырларының жіті бұзылуымен ауырған науқастарға мейірбике күтіміне арналған оңтайландырудың ұйымдастырушылық технологиясының тиімділігі кешенді түрде бағаланды;
- ауруханадан кейінгі науқастарға арналған мейірбикелік күтімді оңтайландырудың бағыттары әзірленді, ғылыми негізделіп, нақты іс жүзінде іске асырылды.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕЙІРГЕР ІСІНІҢ РӨЛІ

Бакеева А., Досмамбет Г., Құтыбаева Б.С

«Астана медициналық университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан

Өзектілігі. Мейіргердің қоғамдағы рөлін сипаттамас бұрын осы салаға қатысты терминдерге тоқталатын болсақ: «Денсаулық-жеке тұлғаның қоршаған ортамен бейімделу арқылы жеткен үйлесімі. Мейіргерлік іс-қоршаған ортаның өзгеруіне байланысты адам денсаулығының потенциалды немесе бойында бар проблемаларын шешуге бағытталған ғылым мен өнер.

Зерттеудің мақсаты. Медицина ғылымының өсіп – өркендеуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы медицина мейіргерлерінің рөлі артып келеді. Мейіргер мамандығының пайда болуы ағылшын қызы Флоренс Найтингельге байланысты. 1860 жылдың 24 маусымы — мейіргер ісі тарихындағы атақты күн. Бұл күні Лондонда Қасиетті Томас госпиталінде Флоренс Найтингельдің басшылығымен қайырымдылық мектебі ашылды. Осы мектепті бітіруші қыздар мен әйелдер тиянақты түрде ғылыми дайындықтан өтіп шығатын. Флоренс Найтингель қоғам алдында ең бірінші болып мейіргер жұмысының мерейін көтерді. Сол кезден бастап мейірбике ісінің негізі қаланды. XIX ғасырдан бастау алған мейіргер ісі қазіргі заманға дейін қаншалықты дамығаны, сол уақыт ішінде қоғамнан алынған орыны, өзінің кезеңдерін қалыптастыруы мейіргер ісінің қарқынмен дамығанына дәлел. Медицина қызметкерлеріне ең қымбат – адамдардың өмірі, денсаулығы, олардың жақсы жағдайда болуы сеніп тапсырылған. Ол тек науқас және олардың туыстарының алдында ғана емес, тұтас алғанда мемлекет алдында да жауапкершілікте.

Зерттеудің материалдары мен әдістері.

- a) пациенттің проблемаларын шешуге ықпал ететін мейірбикелік араласуларды (медбикенің іс-қимылдарын) ғылыми негіздеу.
- b) Тікелей тәжірибе жүргізу. Ол эксперименталды жағдайды құрумен, бақылаумен, эксперимент барысын басқарумен және сыналушылардың реакцияларын өлшеумен байланысты.
- c) Жұмыс жоспары және тәжірибе рәсімдерінің реттілігі ретінде эксперимент бағдарламасын құру.
- d) Өз жұмысын зерттеу, ол орнында тұрмау үшін, практикалық дағдыларды дамыту
- e) Қойылған сұраққа жауап беру үшін немесе мәселені шешу үшін дәйекті және реттелген әдістер қолданылатын жүйелі зерттеу

Нәтижелері.

- Емделушінің өзін-өзі күтуіне
- Емделушінің сырқатына деген жауабын және оған бейімделуін байқау;
- Емделушінің емге деген жауабын және оған бейімделуін байқау;
- Емделушіні емдеу тәсілдеріне және өзін-өзі күтуге үйрету ;
- Емделушінің денсаулығы жөнінде кеңес беру;
- Емделушінің күнделікті белсенділігі мен демалысын қалпына түсіру жөнінде нұсқау беру;
- Емделушінің өз күші мен мүмкіншілігіне сендіру үшін күтім шараларын жоспарлау;
- Емделушінің бос уақытын ұйымдастыру;»

Дәрігер немесе денсаулық жүйесінің басқа маманымен бірлесіп қызмет ету, мысалы: физиотерапевт, диетолог немесе инспекторы. Ренимациялық шаралар мысал бола алады.

Күтімнің нәтижесін бағалау: Емделушіні күту сапасы мен нәтижесін мейіргер үнемі белгілеп отырады:

- мақсатқа жетудегі табыстарды бағалау;
- емделушінің стационарда жатқанына жауапты реакциясын тексеру;
- жаңа проблемаларды белсенді іздестіру және оны бағалау.»

Қорытынды.

Қазіргі заман талабына сай дәрігерлік мамандықтармен қатар мейіргерлік істің де маңыздылығы өте жоғары. «Елбасымыздың «Қазақстан жолы- 2050 бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында, Елбасымыз халықтың денсаулығын үнемі бірінші орынға қоя отырып, медицина саласын негізгі бағыттарын дамыту, соның ішінде мейіргер ісінің жұмыс барысы айқындалады. Азаматтардың медициналық жеке сақтандыруға көшуі денсаулық сақтау саласындағы өзгерістің бірі болып саналады. Қазақстандықтар спортпен шұғылданып, дұрыс тамақтанып, жиі профилактикалық тексерілуден өтіп тұру керек, сонымен қатар елімізде өлім-жітім саны азайып, дені сау ұлт қалыптасуына мүмкіндік туады. Мейіргердің жоғарғы білімді бола алатынына дәлел. Жұмыс барысында біраз мәліметтерді қамти отырып, медициналық көмектің алғашқы сатысы осы мейіргер ісінен бастау алатынын айқындауға болады.

ШАЛА ТУЫЛҒАН НӘРЕСТЕЛЕР АНАЛАРЫН БОСАНҒАННАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАУ

Сұлтанбаева Н.Ж Сейдахметова А.А.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Қазақстан, Шымкент

Өзектілігі. Босанғаннан кейінгі депрессия Денсаулық сақтау саласы үшін үлкен мәселе болып табылады. Өйткені оның таралу деңгейі, эпидемиологиялық сауалнамаға сәйкес, 10-15% аралығын көрсетіп отыр. Босанғаннан кейінгі депрессия нәресте өмірінің алғашқы кезеңінде дамуына әсер ететін және оның болашағын ішінара анықтайтын фактор ретінде қарастырылады. Ал аналардың психикалық денсаулығына әлеуметтік, психологиялық, тұлғааралық және биологиялық факторлар үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аналардың мәртебесі көбінесе депрессиямен бірге жүретіні белгілі. Босанғаннан кейінгі депрессиядан зардап шегетін аналар өзіне және нәрестеге қажетті көмектің қолжетімді болмауымен сипатталады. Бұл нәресте күтіміне байланысты қиындықтарға тап болған кезде олар сезінетін ананың кінә сезімімен түсіндіруге болады. Босанған әйелдерде жиі кездесетін мазасыздық, кез-келген әлеуметтік байланыстардан бас тарту, баласымен қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі мүмкін. Аналардың депрессиясы – бұл ана мен шала туылған нәрестенің ерте қарым-қатынасының сапасына әсер ететін қауіп факторлар. Босанғаннан кейінгі депрессияны ерте диагностикасы қажетті қолдау шараларын жоспарлауға және нәрестелер күтімін жетілдіруге көмектеседі.

Зерттеу мақсаты: Босанғаннан кейінгі депрессияның таралуын талдау және аналардың медициналық әлеуметтік сипаттамаларының ерекшеліктерін зерттеу.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеу Шымкент қаласы, Облыстық клиникалық балалар ауруханасының «Сырқат нәрестелер бөлімшесінде» жүргізілді. Зерттеуге 16-40 жастағы 80 аналар қатысты. Зерттеуге қатысушы аналардан жеке деректер сауалнамасы, босанғаннан кейінгі депрессияны білу мақсатында Эдинбург шкаласы және өмір сапасын бағалау мақсатында "SF-36 Health Status Survey" әдістемесі қолданылды..

Нәтижелер: Зерттеу нәтижесінде қатысушыларының жас шамасы 16-40 жасты құрады. 16-25 жастағы аналар - 56,7%; 25-30 жастағы аналар – 30 %; 30-40 жастағы аналар – 13,3%; Аналардың білім деңгейінің көрсеткіші бойынша: 25 ана -41,7% орта білімді; 11 ана - 18,3% негізгі білімді; 24 ана -40% жоғары білімді меңгергенін көрсетті. Сонымен қатар, аналардың 49% (29) жұмыс жасайтыны, 51% (31) жұмыссыз екені сауалнамадан мәлім болды.

Алынған нәтиже бойынша 12 анада (19,5%) босанғаннан кейінгі депрессия анықталды. Аналардың 48 – де (80,5%) босанғаннан кейінгі депрессия белгілері жоқ екені мәлім болды.

Босанғаннан кейінгі депрессия белгілерінің көрінуі бойынша жинақталған, Араласу және Бақылау топтарында өмір сапасын бағалау көрсеткіштері айтарлықтай айырмашылықты көрсетті. Физикалық жұмыс 1 топта $62,1 \pm 24,0$; ал 2 топта $68,6 \pm 24,6$ мәнді көрсетті. Сондай-ақ аналардың әлеуметтік қызметі бойынша 1 топ $19,0 \pm 16,5$; 2 топта $60,6 \pm 38,6$; аналардың психикалық денсаулығы бойынша 1 топта $42,3 \pm 17,6$; 2 топта $74,9 \pm 13,6$ мәндеріне қарай жоғарғы айырмашылықты көре аламыз.

Қорытынды: Зерттеуімізге сәйкес, босанғаннан кейінгі депрессияның таралуы 19,5% құрады. Аналардағы босанғаннан кейінгі депрессияның жиі кездесетін белгілері: ұйқының бұзылуы, тәбеттің бұзылуы, мазасыздық, жылау көріністерімен жүретіні белгілі болды. Депрессия белгілері бар барлық аналарда психиатриялық көмекке деген көзқарас теріс болып шықты. Босанғаннан кейінгі депрессия белгілері бар емделушілерде дені сау аналардан айырмашылығы өмір сапасының көрсеткіштері төмен екенін (өмірлік белсенділік пен жалпы психикалық денсаулық мәндері төмен) байқадық. Аналардағы босанғаннан

кейінгі кезеңге жүктілік кезеңі, босану әдісі және аурулардың асқынуы тікелей әсер ететіні белгілі болды.

ИШЕМИЯЛЫҚ ИНСУЛЬТҚА ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ОҢАЛТУ КӨМЕГІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Жақанша Л.Ж., Юсупова Ш.Д., Оспанбек А.К., Султанова Ж.С. Сейдахметова А.А.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Өзектілігі. Ишемиялық инсульттан кейінгі науқастарды оңалту жұмысын жүргізу мейіргерлік күтімді реттілікпен дұрыс ұйымдастыру және заманауи технологияларды игеру және науқастың физиологиялық сондай-ақ психологиялық жай – күйін қалпына келтіру қазіргі таңда ми қанайналымының жіті бұзылысы бар науқастарды оңалту өте маңызды.

Мақсаты. Ишемиялық инсультқа шалдыққан науқастарды оңалтуға дейінгі және кейінгі жалпы денсаулық жағдайын емдік дене шынықтырумен мейіргерлік күтім әдістемесін орындау.

Материалдар мен әдістері. Зерттеу мен бақылаудың жұмысы оңалту кезегіндегі еңбекке жарамды жастағы ишемиялық инсультке шалдыққан науқастар тандалды. Зерттеу объектісі Шымкент қаласындағы №1 қалалық клиникалық ауруханасының «Инсульт орталығы» бөлімшесінің науқастары. 2021-2023 жылдар аралығында еңбекке жарамды деп танылған ишемиялық инсультке шалдыққан 70 науқасқа жүргізілді. Зерттеу жұмысы кезінде 20-55 жас аралығындағы (орташа жасы $31,7 \pm 10,3$) науқас жандар таңдап алынды. Бұл дертке ұшырағандарды жас ерекшеліктеріне қарай жіктейтін болсақ, 4%-ы 20-35 жастағы, 37%-ы 36-41 жастағы, 31%-ы 37-43 жастағы адамдар болса, ал қалған 28%-ы 50-тен асқан қарттар екен. Сондай-ақ 40-60 жас аралығындағы науқастардың 68%-ын ер кісілер құрайды.

Нәтижелер. Ишемиялық инсультпен ауыратын науқастарды оңалту нәтижелерін бағалауға ғылыми-әдіснамалық тәсілдің жоғары деңгейін анықтайды. Ишемиялық инсультпен ауыратын науқастардың неврологиялық жағдайының динамикасының сипатын анықтау және аурудың нәтижесін болжау үшін стандартты неврологиялық шкалаларды қолдана отырып, неврологиялық жағдайды бағалау алгоритмі жасалды. Бұл әрбір науқастың жалпы және неврологиялық жағдайын бағалауға жан-жақты және дербестендіруге, сонымен бірге жүйке жүйесінің функционалдық жағдайын және ишемиялық инсульт бойынша емдеу және оңалту барысында өмір сапасының өзгеруін кешенді бағалауға мүмкіндік берді. Бартелдің күнделікті белсенділігінің индексі көмегімен науқастарды оңалтудың тиімді нәтижесін бастапқы жағдаймен салыстыру жұмысы жүргізілді. Ишемиялық инсульт шалдыққан науқастарды оңалтуға дейінгі көрсеткіштер шкалалардың көмегі арқылы анықталды. Жеңіл дәрежедегі неврологиялық - 34%, орта дәрежедегі неврологиялық - 51%, ауыр дәрежедегі неврологиялық – 11%, өте ауыр дәрежедегі неврологиялық – 4% бұзылуларды көрсетті. Әртүрлі физиологиялық кешенді және үздіксіз жасалған жаттығулармен өткен науқастарды оңалту жұмысынан кейінгі көрсеткіштер шкалалардың көмегімен анықталды. Оңалтудан кейінгі жеңіл дәрежедегі неврологиялық - 45%, орта дәрежедегі неврологиялық - 42%, ауыр дәрежедегі неврологиялық – 6%, өте ауыр дәрежедегі неврологиялық – 1% бұзылуларды көрсетті.

Қорытынды. Соңғы жылдары біздің елімізде инсульт алған науқастарға көмек көрсету медициналық көмекті ұйымдастыруда белгілі бір оң тенденциялар пайда болады. Алайда бұл түпкілікті мәселелерді шешілген жоқ. Инсульттан кейінгі күтім бойынша барлық қиындықтар науқастың өмір сүру сапасына және туыстарына жатады. Сондай-ақ, белгілі, туыстарына қалай және не туралы қажетті ақпаратты алу керек екенін түсіндіру. Ишемиялық инсульт алған науқастарға патронаждық күтім және көмек құрылды. Науқастардың әртүрлі себептермен оңалту жұмысын толық жасағандармен және толық жасамағандар болып екіге бөлінді. Көпшілік себептері науқастың жағдайының ауырлығына байланысты оңалту жұмысын уақытынан кеш бастау, кейбір тапсырмалардың ауырлық тудыруы болды. Бірақ, шкалалардың көрсеткіші бойынша бастапқы жағдаймен салыстырғанда едәуір жақсарғандығы анық болды. Толық жасаған науқас саны – 49(61)% толық жасамаған науқас саны – 31(39)% құрады.

«Инсулт орталығы» бөлімшесіне келіп түскен еңбекке жарамды жастағы науқастарға медициналық көмекпен бірге психологиялық көмек көрсетілді. Науқастардың жас ерекшелігіне байланысты физиологиялық қабілеттілігі өмір сүру сапасына психологиялық қолдаумен қалпына келуіне жақсы әсер етті. Жіті ишемиялық инсулт кезеңдегі науқастардың стационарлық тренажерлық когнитивті және алаңдаушылық-депрессиялық бұзылыстары науқастардың оңалту іс-шараларының тиімділігін арттыру мақсатында алдын - алу әдістемесі әзірленді, апробацияланды және енгізілуді ұнысылды.

WEIGHT LOSS METHODS IN OBESITY TREATMENT: ASSESSMENT OF IMPACT ON PRIMARY CARE MEDICAL COSTS

A. Khasanova, G. Toleshova, Zh. Bayanbayeva
Asfendiyarov Kazakh National Medical University
Astana, Kazakhstan

Background: Patients with metabolic syndrome (MC) require constant monitoring from primary care (PC) responsible for coordinating treatment, and sustaining gained results. Weight loss methods (WLM) aimed at correcting the manifestations of MC and reducing PC medical costs.

Goal. Assessment of the association WLM with reducing of PC costs before and after 1-year.

Methods: Patients with MC were randomly selected in three WLM and were identified with PC services costs before and after treatment using outpatient records (5 institutions) from 2016-2017. Costs included General Practitioner (GP) admissions, consultations, free drugs supplying, lab tests, diagnostic and treatment procedures, as well as home visits, follow up, rehabilitation and nursing care. Comparisons between medical costs before and after treatment and excess weight loss (EWL) were carried out with Student's tests. Correlations between EWL and direct medical cost difference (DMCD) were evaluated by Spearman's coefficient of correlation to identify the association between WLM and PC costs before and after 1-year treatment.

Results: Participated 129 MC patients (mean age 46.3 ± 4 ; BMI > 35 ; glucose level 9.4 ± 3.6 ; hypertension (174 ± 14)). In group of bariatric surgery (n=41) mean EWL were 31% ($p < 0.001$), in liraglutid associated group (n=43) - 16% ($p < 0.001$), and self-physical activity and diet control group (n=45) - 9% ($p < 0.001$) respectively. DMCD were 138\$ ($p < 0.001$), 76\$ ($p < 0.001$) and 84\$ ($p < 0.001$) respectively. Correlation between EWL and DMCD revealed weak positive relationship in three groups – 0.243, 0.241, and 0.171 respectively.

Conclusion: Study demonstrates WLM as effective in MC treatment and helpful in reducing healthcare costs. Meanwhile, impact on PC costs remain insignificant as PC remains the basic in the observation and treatment of patients with obesity and MC.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫН САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Хуантхан Е., Батыр Л., Құтыбаева Б.С.
«Астана медициналық университеті» КеАҚ, Астана қ., Қазақстан

Өзектілігі. Ауыл тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін: біріншіден - жетіспейтін медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) ұйымдарын салу арқылы барлық ауылды медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Екіншіден – заманауи медициналық жабдықтары бар көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісін ұйымдастыру. Үшіншіден – ауылдық денсаулық сақтау объектілерін медицина кадрларымен қамту. Сонымен бірге, инсульт және кардиологиялық, реанимация және қарқынды терапия, аз инвазивті хирургия, травматология және оңалту бөлімшелерін ашу. Оған қоса, аудандық орталық аурухананы заманауи медициналық жабдықтармен, оның ішінде компьютерлі томография, магнитті-резонансті томография, ангиография, сараптамалық кластағы ультрадыбыстық зерттеу, эндоскопиялық, реанимациялық, медициналық оңалтуға арналған жабдықтармен жарақтандыру және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Зерттеудің мақсаты. Ауыл тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету арқылы тұрғындардың денсаулық жағдайын жақсарту, өлім-жітімді төмендету, ана мен бала өлімін азайту, созылмалы ауруларды дер кезінде анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ұлттық жобаның бірінші бағытын іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралардың орындалуы қамтамасыз етілді:

МСАК-тың 30 объектісі ашылды; Жедел медициналық көмек қызметтерімен 2 млн-ға жуық ауыл тұрғыны қамтылды; медициналық жабдықтармен қамтуға ауқымды түгендеу жүргізілді; 13 ауданаралық аурухана ұйымдастырылды; онкологиялық орталықтың құрылысы басталды; 963 мыңға жуық қымбат медициналық қызмет көрсетілді; дәрігерлердің орташа жалақысы 350 мың теңгеге дейін жеткізілді; резидентурада оқу үшін 1 500 грант бөлінді.

Нәтижелері. Жас мамандарды қолдау. Кадрлар тапшылығы мәселесін шешу үшін жыл сайын еліміздегі медициналық оқу гранттарының саны арта түсуде, облыстарда жас мамандарды әлеуметтік қолдау енгізілуде, бюджет қаражаты есебінен медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүргізілуде.

2018 жылы ауылдық елді мекендерге барған 706 (15%) жас маманның тек 355 (50%) үшін көтерме ақы берілді, 102 (14%) – тұрғын үй алды, 134 (19%) – бюджетті несие берілді. Тұрғындар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту мақсатында мобильді қосымшалар енгізілді. Бұл медициналық персоналдың жұмыс сапасын көтеруге, емханаларды кезектерді оңтайландыруға және пациенттер үшін қолайлылықты арттыруға мүмкіндік береді. Электронды сервистер арқылы алдын-ала жазылу есебінен «жанды» кезекті 30%-ға қысқарды. Денсаулық сақтау ұйымдарының компьютерлермен жабдықталуы, аудан орталығы деңгейіндегі қамту 98% құрайды.[4] Бұл ретте жүкті әйелдерді жеке және дисциплинааралық босанғанға дейінгі бақылаумен қамту 12%-ға асыра орындалды және тиісті халықтың 87%-ын құрады. 1 жасқа дейінгі балаларды проактивті бақылаумен және скринингтермен қамту елде 4,6%-ға асыра орындалды, жоспарлы мәні 70% болған кезде балаларды қамту 74,6%-ды құрады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамту 12,3%-ға асыра орындалды, 25%-дық көрсеткіш жоспарында оның нақты мәні 32,3%-ды құрады[3].

Қорытынды. Қорытындылай келгенде үнемі дамып келе жатқан денсаулық сақтау саласында мейіргер ісінің жұмысы адамдарға тікелей әсер етеді. Бүгінгі уақытта денсаулық сақтау ұйымдарында мейіргер ісінің біліктілігін, деңгейін көтеру үшін мейіргер қызметкерлерін әлеуметтік дамыту жоспарларын жасау қажет. Сонымен қатар, білікті қызметкерлер тәуелсіз, тиімді жұмыс істей алады және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен

сапасын арттыра алады. Мейіргерлер Денсаулық сақтау ұйымдарының барлық деңгейлерінде мүлдем жаңа рөлдер, міндеттер мен лауазымдарға ие болуы қажет. Бұл жағдай мейіргерлердің мансаптық өсуіне мүмкіндік беру қажет. Ауыл мен қалалық жерлердегі тұрғындарының жағдайын салыстыра келгенде, яғни денсаулығы, әлеуметтік, мәдениеті, гигиеналық мәселелерін айырмашылық бар екенін байқауға болады. Бұндай айырмашылықтарға өз әсерін тигізетін көптеген факторлар бар екенін де білеміз. Қазіргі кезде ауыл тұрғындарының денсаулығы дәл қала тұрғындарының денсаулығына өте жақын болып келе жатыр, осындай жағдайға тап болуы экологиялық, физикалық, химиялық әсерлер көп септігін тигізіп жатыр.

ИННОВАЦИИ В СЕСТРИНСКОЙ ПРАКТИКЕ. КАЧЕСТВЕННЫЕ МЕДСЕСТРИНСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ. СЕРВИС-ДИЗАЙН ДЛЯ РАЗВИТИЯ СЕСТРИНСКИХ УСЛУГ

Бектурова А.Е., Хасенова А.Ж., Маханбеткулова Д.Н.
Казахский национальный университет имени С.Д. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

Актуальность. Использование качественных методов исследования в Сестринском деле обусловлено особенностями сестринской помощи. Уход подразумевает постоянный контакт с пациентом, и требует оценки качественных изменений в отличие от количественных результатов конечных клинических точек. Прикладное использование качественных методов в повседневной сестринской работе поможет осуществить самостоятельные медсестринские исследования.

Цель: Контент-анализ международной литературы по качественным медсестринским исследованиям для разработки предложений по совершенствованию образовательных программ и курсов в Сестринском Деле.

Результаты: Основными качественными исследованиями, обсуждаемыми в международной литературе являются интервьюирование, активное интервьюирование в виде фокус групп, экспертное интервьюирование по методу Делфи, а также таргетированный опрос по методу сервис-дизайна сестринских услуг. Несмотря на огромный опыт самостоятельной работы медсестер в проведении медсестринских исследований и обучение других медсестер зарубежом, в практика использования данных методов остается низкой. Причинами могут быть недостаток знаний и опыта при их использовании.

Выводы: В рамках проекта Erasmus+ AccelEd, проведены пилотные исследования по методу сервис-дизайна сестринских услуг в клиниках Алматы, Астаны, Караганды и Шымкента. Положительные результаты тесно связаны с проведенным обучением для практикующих медсестер, их личным консультированием в области проведения качественных исследований. Дальнейшее внедрение качественных методов исследования в практику будет способствовать популяризации международного опыта и знаний, а также поднятию статуса медицинской сестры. Для полноценного внедрения качественных исследований следует подготовить пул преподавателей, в полной мере владеющих данными методиками, и поэтапно внедрять основы и теорию исследований на всех уровнях обучения специальности Сестринское Дело.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ МИОКАРД ИНФАРКТИСІНЕ ШАЛДЫҚҚАН НАУҚАСТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Оспанбек А.К., Юсупова Ш.Д., Жақанша Л.Ж., Ходжакулова У.А., Сейдахметова А.А.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Өзектілігі. Бұл Қазақстан халқының 12% - ы. Өлім - жітім себептерін талдау қан айналымы жүйесі ауруларының арасында ең маңыздысы жүректің ишемиялық ауруы - 48,1%, ал өмірге қауіп төндіретін және мүгедектікке әкелетін негізгі клиникалық нұсқасы-жіті миокард инфарктісі болып табылатынын көрсетті. Екінші орында-цереброваскулярлық аурулар-36,7% болып табылады, осы екі нозологияның үлесі қан айналым жүйесі аурулары арасындағы барлық өлім-жітімнің 84,8% құрайды. Инфарктпен ауыратын науқастардың шамамен 20% - ында қайталама инфаркт оқиғадан кейін бірінші жылы қайталанады. Өмір сүру сапасын бағалау әсіресе инфаркттан кейінгі кезеңде өте маңызды, өйткені ол науқастың белсенділігін анықтайды және сол арқылы терапия мен оңалтудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: ST сегментінің жоғарылауынсыз миокард инфарктісіне шалдыққан науқастардың өмір сүру сапасын SF-36 сауалнамасының көмегімен зерттеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында сұқбаттасу, сауалнама, жалпы клиникалық зерттеу әдістері қолданылды. Зерттелетін контингенттің сипаттамасы: Зерттеуге 46 -65 жас аралығындағы (жасы $54,6 \pm 10,5$) ОИМбпST зардап шеккен 60 науқас алынды. Зерттеуге қатысқан науқастардың «SF-36 Health Status Survey» сауалнамасын толтырды. SF-36 сауалнамасының жиынтық өлшемдері мен шкалаларының конструкциясы негізінде жатқан модель үш деңгейге ие:

Зерттеу нәтижесі. Сұқбаттасу нәтижелері: науқастардың басым көпшілігін мазалайтын уайым-қайғы сезімдері аурудың нәтижесі, отбасының әл-ауқаты, жұмысы, өз денсаулығы үшін алаңдаушылық, жалпы әлсіздік, тұрақты шаршау сезімі, тітіркенгіштік, ұйқының бұзылуы, қайта миокард инфарктісінің дамуы және кенеттен қайтыс болу қорқынышы болып табылады. Сауалнама нәтижелері: физикалық функционалдылық шкаласы бойынша орташа көрсеткіш 42,02 баллды, рөлдік функционалдылық шкаласы бойынша - 32,2 баллды, ауырсыну синдромының қарқындылығы шкаласы бойынша - 41,6 баллды, жалпы денсаулық жағдайы шкаласы бойынша -57,7 баллды, өміршеңдік шкаласы бойынша - 47,8 баллды, әлеуметтік функционалдылық шкаласы бойынша - 64,5 баллды, эмоциялық жағдаймен байланысты рөлдік функционалдылық шкаласы бойынша-43,4 және психикалық денсаулық шкаласы бойынша орташа көрсеткіш - 38,8 баллды құрады. Жалпы көрсеткіштер орта есеппен "физикалық денсаулық компоненті" үшін 24,4 - ден 58,8 баллға дейін (орташа мән 42,9 балл) және "психологиялық денсаулық компоненті" үшін 28,5-тен 56,8-ге дейін (орташа мән 46,3 балл) баллды құрады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижесі бойынша миокард инфарктісіне ұшыраған науқастардың өмір сүру сапасының 8 шкала бойынша көрсеткіштері ауру салдарынан және депрессивті көңіл күй әсеріне айқын тежелгендігі анықталды. Өмір сүру сапасын көрсеткіштерін бағалау және талдау инфаркт миокарды ауруын емдеуде, оңалту іс-шараларын жүргізуде жаңа стратегиялардың тиімділігін анықтау үшін нақты науқастың мүддесінде жеке деңгейде де, жүйелі де маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

ҚАНТ ДИАБЕТІ КЕЗІНДЕГІ ДИАБЕТТІК ТАБАН ДАМУ ҚАУПІ БАР НАУҚАСТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДА МЕЙІРГЕРДІҢ РӨЛІ

Бижанова А.Д., Сейдахметова А.А.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

Өсектілігі: Қазақстанда қант диабетімен ауратын науқастардың саны жыл сайын 30 мыңға дейін өсуі байқалуда. Соңғы 10 жылдың ішінде яғни 2012-2021 жылдар кезеңінде қант диабетінен 32 мыңнан аса науқас қайтыс болған. 2023 жылдың басында қант диабетімен диспансерлік бақылауда 449 мың адам бар, ал 2021 жылы – 418 мың болған.

Зерттеу мақсаты: Диабеттік табан синдромы қаупі бар қант диабетімен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасын және өзіне-өзі күтім жасау дағдыларының динамикасын бағалау, алынған нәтижелерді талдау, жинақталған мәліметтер бойынша қорытынды жасау.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Зерттеу үшін ТО ҚДБ ШЖҚ "Облыстық клиникалық ауруханасының" №4 емханасы базасындағы 40-пен 70 жасқа дейінгі (орташа жасы 45,7±9,5 жас) диабеттік табан даму қаупі бар қант диабетімен ауыратын 30 науқас іріктеліп алынды. Қант диабетінің ұзақтығы орта есеппен 10,6±2,9 жыл. Науқастар EuroQol-5D-5L (Euro Quality of Life) сауалнамасын толтырды, сауалнамадағы сұрақтарға сәйкес қазіргі уақыттағы денсаулық жағдайын сипаттайды. Статистикалық маңыздылық айырмашығын анықтау үшін Стьюдент t-критерийі қолданылған. Статистикалық маңызды $p < 0,05$ кезінде ықтималдық айырмашылығы болды.

Зерттеу нәтижесі. Сұралған науқастардың барлығы қант диабетінің асқынулары және гликемияны глюкометрмен өлшеу туралы білмейді. Науқастардың 53,3%-ы (n=16) жүру қиынға соғады, 46,7%-ы (n=14) науқастар жуыну немесе киіну, науқастардың 86,6%-ы (n=26) ауырсыну мен ыңғайсыздықты сезінеді, науқастардың 33,3%-ы (n=10) күнделікті белседілікте қиындықты сезінеді. Науқастардың 93,3%-ы (n=14) алаңдаушылық немесе депрессия, қорқыныш сезеді. Профилактикалық оқытуға қатысқаннан кейін науқастардың көпшілігі дұрыс тамақтану 100%-ы (n=30), физикалық белсенділік 86,6%-ы (n=26), қант диабетіне қарсы препараттарды қолдану 60%-ы (n=18), қандағы глюкоза деңгейін бақылау 93,3%-ы (n=28), тұрақты түрде дәрігерге бару 73,3%-ы (n=22) қандағы глюкоза деңгейін бақылауға және қант диабетімен байланысты асқынулардың алдын алуға көмектесетінін мойындады.

Профилактикалық оқудан кейін науқастардың жалпы жағдайын динамикада бағалау кезінде 80% (n=24) науқас диетаны қатаң сақтай бастағанын көрсетті, бұл қандағы қант деңгейінің қалыпқа келуіне әкелді. Науқастардың 76,6%-ында (n=23) өзіне-өзі күтім жасау, табан гигиенасы, гликемиялық бақылау, табанды үнемі бақылау, жарақат алған кездегі табан күтімі, табан жаттығулары, сәйкес аяқ киімді пайдалану бойынша дағдылары қалыптасты. Науқастардың 86,6%-ында (n=26) емге бейімделудің қалпына келуі байқалды, бұл көңіл-күйдің жақсаруымен, ұйқының дұрысталуымен, сондай-ақ өмір сүруге деген және өзін-өзі бақылауға деген ынтаның жоғарылауымен сипатталды.

Қорытынды. Қант диабеті оқыту бағдарламасына қатысу науқастар үшін жеткілікті емдік тиімділікке ие болды. Тиісінше, жағдайды біртіндеп өзгертуге жағдай жасайтын, яғни диабеттік табан синдромы бар науқастардың күтімін жақсартуда келесі шаралардың тізімін ұсынуға болады:

- Науқастардың өзін-өзі бақылау бойынша жұмысты денсаулық сақтау мамандарының мультикәсібилік бағыттылығы ескеру қажет, онда психологтар мен медициналық-әлеуметтік қызметкерлер маңызды рөл атқаруы тиіс.
- Мейіргерлік және дәрігерлік «Диабеттік табан» кабинеттерінің (әрі қарай ДТК) арасындағы сабақтастықты, атап айтқанда, бірыңғай құжаттама мен есептілік, бірлескен семинарлар және т.б. арқылы қамтамасыз ету.
- Скрининг және подиатриялық күтім қызметтерін қабылдайтын «Диабеттік табан» мейіргерлік кабинеттерін құру.

